

#КүшімізБірлікте

Біздің ортақ
мақсатымыз –
заң мен тәртіп
үстемдік құратын,
азаматтардың
құқығына лайықты
құрмет көрсетілетін
Әділетті Қазақстанды
құру.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ



СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК

4

БІЛІМ



АЛМАТЫДА ЕКІ ЖАҢА МЕКТЕП АШЫЛДЫ

6

CYBER GAMES–2022



ЖАҢАШЫЛ ЖАСТАРДЫҢ ЖАРЫСЫ

8

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

29.11.2022

Түнде:



-6-8 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз, тұман.

Күндіз:



-1+1 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7, 12 м/с

30.11.2022

Түнде:



0..-2 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын (жаңбыр, қар),
тұман, жол бойында мұзтайғақ.

Күндіз:



+3+5 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын (жаңбыр, қар),
тұман, жол бойында мұзтайғақ.



Желдің жылдамдығы:
3-8, екпіні 13 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №141 (6276) 29 қараша, сейсенбі, 2022 жыл.

ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ХАЛҚЫМНЫҢ СЕНІМІ – МАҒАН АМАНАТ

Аманатқа адал болу – мен үшін қасиетті парыз



Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, елордадағы Тәуелсіздік сарайында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты салтанатты ұлықтау рәсімі өтті.

2-3

ЭКОЛОГИЯ

ЖАСЫЛ ЖОБА

Алматыдағы ауа сапасы мен жергілікті халықтың
өмір сүру сапасын жақсартуға тиіс



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Қазақстанның ең ірі жылу электр орталықтарының бірі – Алматы ЖЭО-2-ні газға көшіру және толық жаңарту жөніндегі жұмыстар практикалық іске асыру сатысына шықты. Газ станциясын салуға қазан айында жарияланған халықаралық тендерден кейін жобаны қаржыландыру көздеріне қатысты мәселелер шешілді.

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен кездесті.
- Қасым-Жомарт Тоқаев Ресейге ресми сапары аясында Александр бағындағы «Белгісіз жауынгер бейіті» мемориалына гүл шоғын қойды.
- 2023 жылдың 14 қаңтарында еліміздің 20 өңірінен бір-бір Сенат депутатын сайлау өтеді.
- Биыл 15 мыңнан астам этникалық қазақ қандас мәртебесін алды.
- Қалада метро құрылысына 92 учаске сатып алынады.
- «Шертпе күй» дәстүрлі музыка фестивалі 3 желтоқсанда Алматыда қорытындыланады.
- Жыл басынан бері ұлттық парктерге 1,7 млн-нан астам турист барған.
- Шаһарда 2 жаңа мектеп ашылды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

4



● ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ХАЛҚЫМНЫҢ СЕНІМІ –

(Басы 1-бетте).

Мемлекеттік Ту мен Президент Байрағы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциясы Тәуелсіздік сарайының Үлкен залына әкелінген соң Қазақстан Республикасының Президенті келіп, мінберге көтерілді.

Конституцияның 42-бабына сәйкес, Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің өзіме жүктелген мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін!», – деп халқына ант берді.

Сайланған Қазақстан Президентінің қызметке кірісу құрметіне орай Мемлекеттік Әнұран ойналып, 21 рет зеңбіректерден оқ атылды. Ал «Ақорда» резиденциясының үстінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көтерілді. Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстан Республикасы Президентінің куәлігін тапсырды.

ЕЛ ҚОЛДАУЫНА ИЕ БОЛУ – ЕҢ БИІК МӘРТЕБЕ ӘРІ ОРАСАН ЗОР ЖАУАПКЕРШІЛІК

Мемлекет басшысы салтанатты ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзінде өзіне зор сенім артқан барша отандасына алғыс айтты.

«Биыл халқымыз үшін айрықша маңызды жыл болды. Қазақстан дамудың жаңа дәуіріне қадам басты. Біз түбегейлі бетбұрысқа жол ашқан ауқымды өзгерістер жасадық. Конституциялық реформаны жүзеге асырдық. Мемлекетіміздің ең басты салаларын жан-жақты жаңғырттық. Соның арқасында халықтың болашаққа деген үміті артып, сенімі нығая түсті. Мен аймақтарды аралап, тұрғындармен кездескенде бұған айқын көз жеткіздім. Сондай-ақ, өткен референдум тың бастамаларды жұрттымыздың жаппай қолдайтынын көрсетті. Халықтың дұрыс бағыттағы өзгеріске ұмтылысы жұмысқа зор серпін берді. Біз реформаларды соңына дейін міндетті түрде жеткізіміз қажет. Конституцияның жаңа талабына сәйкес бұдан былай Президент жеті жылдық бір мерзімге ғана сайланады. Осылайша саясаткерлердің жаңа буыны билік басына келе бастайды. Мен осы шешімнің дұрыс болғанына кәміл сенемін», – деді Президент.

Мемлекет басшысы тұжырымдағандай, Конституцияға сәйкес билік тармақтары түгел жаңғыртылады. Осындай жаңа саяси маусымды Президент сайлауы бастап берді. Сайлау науқаны 3 айға жуық уақытқа созылды. Осы кезеңде еліміздің болашағы туралы түрлі мазмұнды пікірталастар болды. Жұрттымыз өз болашағына бей-жай қарамайтынын көрсетті. Азаматтық қоғамның кемел институтқа айналғаны айқын аңғарылды. Саяси алаңға жаңа тұлғалар шықты. Осылайша халқымыз 20 қарашада өз таңдауын жасады.

Сайлау әділ әрі ашық өтті. Бұл – байқаушылардың, сарапшылар мен журналистердің берген бағасы. Ел-жұрттың белсенділігі ерекше жоғары болды. Кейбір азаматтар бүкіл отбасымен келіп, дауыс берді. Бұл науқан ел мүддесі үшін ұлт болып біріге алатынымызды көрсетті. Бабаларымыз қай заманда да бірлігін бәрінен биік қойған. Біз ата жолын сақтай білген, заманауи және өркениетті ел екенімізді бүкіл дүние жүзіне паш еттік. Бірлігіміздің бекемдігін тағы да дәлелдей алдық.

«Осы сайлауда жұрттымыз маған зор сенім білдірді. Шын мәнінде, ел сенімін еш нәрсемен өлшеу мүмкін емес. Халықтың сенімі – ең құнды нәрсе. Сайлау нәтижесін халқымыздың саяси бағдарыма – бағасы, алдағы жоспарыма – батасы деп



қабылдаймын. Халқының қолдауына ие болып, ел тізгінін ұстау – ең биік мәртебе әрі орасан зор жауапкершілік. Алдағы 7 жылды бүгінгі буынның және келешек ұрпақтың алдындағы борышымды өтеуге берілген бірегей мүмкіндік деп білемін. Қазаққа «аманат» деген асыл ұғым бар. Халқымның сенімі – маған аманат. Осы аманатқа адал болу – мен үшін қасиетті парыз. Ел үмітін ақтап, Қазақстанды өркендеген, бауатты мемлекетке айналдыру үшін қолымнан келгеннің бәрін жасаймын. Сайлауға қатысқан барша жұртқа ризашылығымды білдіремін. Науқанға атсалысқан қауымға, байқаушылар мен журналистерге зор алғыс айтамын. Мен өзіме дауыс берген азаматтардың ғана емес, бүкіл Қазақстан халқының алдында есеп беретін болдым. Қазаққа «Байлық не керек, адалдан жимасан, билік не керек, әділдік құрмасаң» деген сөз бар. Бұл – бұлжытпай ұстанатын өмірлік қағидатым. Мен бүгін Көк Туды сүйіп, дана халқымның алдында бас иідім. Азаттық жолында құрбан болған бабалар рухына тағзым еттім. Елімнің арман-мұратына өмір бақи адал болуға серт бердім. Ешқашан адалдықтан аттамауға және ел мүддесіне қиянат жасамауға ант еттім. Ата Заңға қолымды қойып, оның әр сөзін мүлтіксіз орындаймын. Халқымның алдындағы осы антым алдағы қызметімде Мен үшін айнымас темірқазық болады», – деді Мемлекет басшысы.

МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІ БӘРІНЕН БИІК

Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, өткен Президент сайлауы нағыз патриоттық шара болды. Сайлау азаматтарымыздың ел тағдырына бей-жай қарамайтынын көрсетті. Бұл әділдік идеясының және халықтың ерік-жігерінің салтанат құрғанын, елімізді жан-жақты жаңғырту үдерісі бас-талғанын білдіреді. Сайлау Қазақстандағы электоралды процестің ашықтығы мен әділдігін жаңа деңгейге көтерді. Сондай-ақ, біздің қоғамның саяси мәдениеті мен кемелдік дәрежесі жоғары екенін танытты. Халық сайлау учаскелерінде алдағы жеті жылға арналған мемлекетті дамыту бағдарламасына оң баға берді. «Президент лауазымында елімізге адал қызмет етуге

дайынмын. Бұл – зор абырой әрі үлкен жауапкершілік. Мен үшін мемлекет мүддесі бәрінен биік. Алдағы жеті жылда халықтың зор сенімін ақтау үшін бар күш-жігерімді жұмсаймын. Енді біздің ортақ мақсатымыз – заң мен тәртіп үстемдік құратын, азаматтардың құқығына лайықты құрмет көрсетілетін Әділетті Қазақстанды құру... Әрбір азамат елдің болашағы үшін өз жауапкершілігін сезінуге тиіс. Мемлекеттік саясатымыздың негізгі бағыты – білім беру ісінен бастап индустрияландыруға дейін қоғамның барлық саласын жаңғырту. Еліміздің ұзақ мерзімді экономикалық өсімінің негізін жаңа технологиялар, жоғары еңбек өнімділігі, азаматтардың шығармашылық бастамалары құрайды. Басты міндет – іскер азаматтарымыздың кәсіпкерлік рухына зиянын тигізетін жасанды кедергілер мен шектеулердің бәрін жою. Кәсіпкерлер бизнеске жүргізілетін себепсіз тексерулерді біржолата ұмытуы қажет. Олар тек салық органдарының алдында ғана есеп береді. Мемлекет пен бизнес – сенімді серіктестер. Шағын және орта бизнестің дамуына заңсыз кедергі келтіретіндердің бәрі заңға сәйкес қатаң жауапқа тартылады», – деп қадап айтты Президент.

БАСТЫ БАЙЛЫҒЫМЫЗ – АДАМ

Қасым-Жомарт Тоқаев заң алдында бәрінің тең болуы – мемлекетіміздің ұзақ мерзімді дамуының негізгі шарты екеніне маңыз берді. Барлық мәселе, әсіресе түйткілді және даулы проблемалар конструктивті диалог арқылы, ең алдымен, Парламентте шешілуге тиіс. Алдағы Сенат және Мәжіліс сайлауы осы мүмкіндікті береді. «Түрлі көзқарас, бірақ біртұтас ұлт» қағидаты қатаң сақталуы керек. Қоғамда араздық туғызатын және ұлттың бірлігін бұзатын, түптеп келгенде, мемлекетімізге қарсы бағытталған арандатушылық әрекеттерге қатаң тосқауыл қойылады. «Біз халықтың тілегі мен заман талабына сай тиімді мемлекет құруға міндеттіміз. Бұл – маңызды тарихи міндет. Біздің басты байлығымыз – адам. Сондықтан азаматтардың игілігі үшін барлық жағдайды жасау аса маңызды. Біз әділетті мемлекет,

әділетті экономика және әділетті қоғам құрамыз. Осы қағидаттар менің сайлау алдындағы тұғырнамамада нақты көрініс тапты. Мен оның әр сөзіне, әр сөйлеміне терең мән бердім. Сайлауалды бағдарламам – бұл ұзақ ой-толғау мен ізденістің нәтижесі. Тіпті, жүрегімнен шықты десем, артық айтқандық емес. Халықтың бастамаларға қолдау білдіріп, үлкен үміт күтіп отырғанын білемін. Тұғырнаманың әрбір тармағы толық орындалуға тиіс. Мен ол үшін барлық күш-жігерімді жұмсаймын. Осыған байланысты арнайы Жарлыққа қол қоямын. Бұл Жарлық нақты іс-шаралардың жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Бағдарламаның мүлтіксіз орындалуын жеке бақылауыма аламын», – деді Президент.

ЕЛГЕ ЖАСАҒАН ҚЫЗМЕТ – ҰРПАҚТАН-ҰРПАҚҚА ЖЕТЕДІ

Мемлекет басшысы қазір – сайлаудағы жеңісті тойлайтын кез емес, аянбай еңбек ететін кез екенін, сол себепті арқаны кеңге салмай, бірден іске кірісу керектігін, болашаққа болмайтынын айтып, осы орайда ең алдымен, қолға алатын бірнеше мәселеге арнайы тоқталды.

«Мен сайлауалды сөздерімде ауылды өркендету ісіне баса назар аудардым. Бүгінде Қазақстан халқының 40 пайызға жуығы ауылда тұрады. «Ауыл – ел бесігі» деп халқымыз бекер айтқан жоқ. Сондықтан ауылдағы жағдайды жақсарту алмасқа – бәрімізге сын. Сол үшін мен бүгін ауылды дамыту мәселесі туралы Жарлыққа қол қоямын. Осы құжат арқылы Үкіметке ауылды дамытудың 5 жылға арналған нақты жоспарын әзірлеуді тапсырамын. Бұл менің жаңа президенттік мерзімдегі бірінші Жарлығым болады. Үкімет ауылды дамытуға арналған барлық жобаны жүйелі түрде реттеп, жинақтауға тиіс. Содан кейін мақсатты түрде тиімді жұмыс жүргіземіз.

Келесі маңызды бағыт. Біз әділдікті қалпына келтіріп, елден заңсыз шығарылған барлық активті қайтаруға тиіспіз. Бұл үшін Үкімет заңсыз шығарылған капиталды қайтару үшін қажетті рәсімдерді реттейтін заң жобасын әзірлейді. Сонымен қатар, заң жобасы әділетсіз баюға және активтерді заңсыз шығаруға ықпал ететін себептер мен шарттарды жоюға бағытта-



МАҒАН АМАНАТ



лады. Қайтарылған барлық қаражат азаматтардың игілігіне жұмсалуда тиіс. Бұл қаржыны жоғары технологиялы өндіріс орындарын ашуға, мектептер мен ауруханалар салуға, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға пайдалану керек. Тиісті Жарлыққа бүгін қол қоямын. Жақын арада ауқатты кәсіпкерлер халықтың игілігі үшін өздерінің әлеуметтік жауапкершілігін жандандырады деп ойлаймын. Мемлекеттік құрылыста біз «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын нақты ұстанамыз. Президент сайлауы биліктің барлық негізгі институтын дәйекті түрде жаңғырту үдерісін бастауға жол ашты. Сайлау ауқымды электоралды циклдің бастапқы кезеңі болды. Біз саяси жаңғырту үдерісін жоспарлы түрде жалғастырамыз. Бүгін мен «Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының сайлауын тағайындау туралы» Жарлыққа қол қоямын. Осылайша жоғарғы палата депутаттарының кезекті сайлауы конституциялық реформаны нақты жүзеге асырудың жалғасы болмақ. Сайлау қорытындысы бойынша Сенаттың депутаттық корпусының бір бөлігі бәсекелестік және ашықтық қағидаттары негізінде жаңарады. Бұдан бөлек, бүгін мен конституциялық реформаны жүзеге асырудың келесі сатысы ретінде «Қазақстан Республикасы Жоғарғы аудиторлық палатасының кейбір мәселелері туралы» Жарлыққа қол қоямын. Келесі кезең – оны толыққанды трансформациялау. Басқа маңызды әрі өзекті мәселелер бойынша шешімдерді кейінірек жариялаймын. Тағы да қайталап айтамын, алда атқаратын шаруа көп. Бұл – жеңіл жұмыс емес, бірақ елге пайдасы тиетін қызмет. Мен бүкіл мемлекеттік аппараттан осы міндетті абыроймен орындауды талап етемін. Қолынан іс келетін және елге беріле қызмет жасайтын азаматтарға ғана ортамызда орын бар. Оларға қолдау көрсетеміз, ал қоғам құрметін білдіреді. Халқымыздың нақыл сөзін сәл түрлендіріп айтсақ: «Байлық пен мансап – қолға ұстаған мұз, ериді де кетеді. Ал елге жасаған қызмет – артта қалған із, ол ұрпақтан-ұрпаққа жетеді». Осыны әр азамат түсінуі керек. Ел мүддесі – бәрінен биік. Мен барлық мемлекеттік қызметшіден өз жұ-

мысын адал атқаруды талап етемін. Бір сөзбен айтсам, кәсібилік, адалдық және қарапайымдылық біздің басты қағидаттарымыз болуға тиіс. Қоғамда жаңа құндылықтар орнықтырып, жақсы қасиеттерге ие бола алмасақ, реформаның бәрі бекер. Табыстарды және олқылықтарды ажырататын бұл – уақыт және тарих. Уақыт – ең әділ қазы, ал тарих – бәріне таразы. Сондықтан саяси науқаншылдыққа жол бермеуіміз қажет. Біз болашақта әділетті мемлекет боламыз десек, өткенге әділдікпен қарап, одан тағылым ала білуіміз керек. Жақсыдан үйреніп, жаманнан жирену – өсетін елдің белгісі. Отаншылдық, еңбекқорлық, білімпаздық, жанаңшылдық, жасампаздық, жанашырлық, мейірімділік сияқты асыл қасиеттерді бойға сіңіруіміз қажет», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЕҢБЕК АДАМДАРЫ – ЕЛІМІЗ БЕН МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ ТІРЕГІ

Президент Әділетті Қазақстанда еңбек адамына ерекше құрмет көрсетілуге тиістігіне де мән берді. Әсіресе, ұстаз, дәрігер, тәртіп сақшысы, құтқарушы, жұмысшы, шаруа сияқты мамандардың мәртебесін одан әрі арттыра түсу қажет. Олар еліміздегі ең сыйлы азаматтарға айналуы керек. Осы кәсіп иелері тиісті құрмет пен сыйға ие болғанда ғана, қоғамымыз шынымен жаңарды деп айта аламыз.

«Көпшілік қазіргі уақытта нағыз батырлардың жетіспейтінін айтады. Бірақ нағыз қаһармандар жұрттың назарынан тыс жерде. Олар біздің арамызда. Батырлар күн сайын зауыт станогында жұмыс істейді, қоғамдық көлік жүргізеді, ұшақ штурвалына отырады, құтқарушының қорғаныс киімін киінеді, науқасқа жедел жәрдем беруге асығады, әскери техниканы меңгереді. Нағыз батырлар балаларымыз бен қарт ата-аналарымыздың дастарханы ас-ауқатқа толы болуы үшін ауылда таңмен таласа оянады. Біздің батырлар – өзінің жеке кәсібін бастайтын, жұмыс орындарын ашатын, қызметкерлері мен олардың отбасыларына жаңа мүмкіндіктер тудыратын кәсіпкерлер. Біздің батырлар – өзінің махаббаты мен күш-қуатын, тәжірибесі мен білімін, мүлкі мен қаража-

тын қоғамға риясыз ұсынатын еріктілер мен игі іс жасайтындар. Олардың барлығы – халықтың мақтанышы әрі үміті. Міне, осындай еңбек адамдары – еліміз бен мемлекетіміздің тірегі. Біз өркениеттің алғы шебіндегі мемлекетке айналу үшін тек үйренетін емес, өзгеге үйретін ұлтқа айналуымыз қажет. Сондай-ақ, тек тұтынушы емес, жаңа дүниені өндіруші ұлт атануымыз керек. Оған халқымыздың әлеуеті, дарыны, қарым-қабілеті жетеді. Мен біздің жастарымыздың ұшқыр және озық ойлы екенін мақтан етемін. Сол себепті, Мағжан ақынның «Мен жастарға сенемін» деген сөзін үнемі айтамын. Шын мәнінде, бәріміз жастарымызды қолдауымыз керек. Өйткені, өскелең ұрпақ қана елімізді жарқын болашаққа бастайды. Бірақ жастар жетістікке жету үшін көп еңбектенуі керек. Жаңа білім алуға, тың тәжірибе жинауға ұмтылған жөн. Сонда жастарымыз өз кәсібінің хас шебері атанады. Әрдайым сұранысқа ие болады, қоғамда сыйлы болады. Міне, осылай өмір сүрген адам ешқашан, ештеңеден ұтылмайды. Тәуелсіз елімізді қуатты мемлекет ретінде ұрпаққа аманаттау – біздің борышымыз. Алда талай сынақтар, күрделі кезеңдер болуы мүмкін. Дегенмен, ырысты ынтымағымызды сақтай білсек, алынбайтын асу жоқ. Мен бүгін халқымыздың алдында тұрып, бастаған ісіміз берекелі болсын деп тілеймін. Қазақ – ырымшыл халық. Мен биыл қасиетті Меккеге барған кезде Қағба төрінде ата-баба рухына құран бағыштап, Алладан бір-ақ нәрсе сұрадым. Ол – елдің амандығы. Шын мәнінде, еліміз аман болса, жеріміз бүтін, бірлігіміз бекем, мемлекеттігіміз мәңгі болады. Осы құндылықтарды мызғымастай етіп бекіту – қазақтың перзенті, Қазақстанның Президенті ретіндегі менің қасиетті парызым. Ашығын айтқанда, қызмет – уақытша, ал халық – мәңгі. Мен президенттік миссиямды халқыммен бірге алдағы жеті жылда абыроймен атқарып шығамын деп сенемін. Біздің Отанымыз – бір, мемлекетіміз – бір, халқымыз – бір! Сондықтан әрқашан бірге болайық, ағайын!», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Жанарбек
ӘШІМЖАН,
ҚР Парламенті
Мәжілісінің
депутаты:**



ОРТАҚ ШАРУА, ОРТАҚ МІНДЕТ

Бұл инаугурацияның бұрынғы ұлықтаудан ерекшелігі – қызылды-жасылды сән-салтанаттан алыс, өте қысқа, жарты сағаттай көлемде ғана өткенінде. «Дәл қазір жеңісті тойлап, масайрап жүретін уақыт емес, осынау саяси күрделі уақытта бүкіл дүние әлемтапырық болып жатқанда елдің еңсесін көтеруге бірден араласып кетуіміз керек», – деді Мемлекет басшысы.

Инаугурацияның негізгі ресми шарттары орындалғаннан кейін Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы бірден баяндамасына кірісіп кетті. Онда ең бірінші кезекте халықтың арқасын аяздай қарып жүрген өзекті мәселелерге тоқталды. Алдағы үш жыл қатарынан ауылдарды көркейтуге арналатынын жеткізді. Президент ұлықтау рәсімінен кейін ресми қызметке кіріскендегі алғашқы жұмысым сол ауыл саясатын қолға алатын боламын дегенді, міне, күні кеше ауыл саясаты туралы Жарлығына қол қойды. Бүгінде ел халқының 37 пайызы ауылда тұрады. Бұл шын мәнінде халық күткен жоба болды десек, артық емес.

Екіншіден, Президент ауыл шаруашылығы болсын, өнертапқыштық немесе индустриалдық бағытта болсын, экономикалық кеңістікте болсын, тұтынушы емес, өндіруші мемлекетке айналуымыз керек деген мәселені қадап айтты. Сондай-ақ, шет елдегі заңсыз активтерді елге қайтару керектігі туралы айтқан ойлары да көптің көкейіне қонды. Бұл енді оңай шаруа емес, бір немесе екі жыл емес, бірнеше жылдарға ұласатын ауқымды жұмыс. Бұл орайда еліміздің сот жүйесі, прокуратура, қауіпсіздік саласы, жалпы мемлекеттік уәкілетті органдардың белсенділігі, елжандылығы, ұлтжандылығы көрінуі маңызды.

Президент айтқан мақсат-міндеттерге бәріміз бір кісідей жұмылуымыз керек. Себебі, ол – ортақ шаруа, ортақ міндет.

**Бек РАМАЗАН,
Алматы
қалалық
мәслихатының
депутаты:**



ТАРИХИ КҮН

Бұл қазақ халқы үшін тарихи күн болды. Бас қаламыздың Тәуелсіздік сарайында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевты салтанатты ұлықтау рәсімі өтті. Жалпы, рәсімге елімізден 3600-ге жуық адам қатысты. Соның бірі – өзім. Бұл – мен үшін үлкен мәртебе. Өз кезегінде Мемлекет басшысы «бісеміллә» деп, өзінің жетіжылдық қызметіне ресми түрде кірісті.

Өткен сайлауда азаматтарымыз Қасым-Жомарт Кемелұлына зор сенім білдіріп, әділеттілікке табан тірейтін мемлекет, экономика және қоғам құру бағдарламасын қызу қолдағаны белгілі. Президентіміз ұлтымыздың осы үмітін ақтау өзінің алдағы басты міндеті болатынын жариялады. Сонымен қатар, сайлау алдында берілген уәделерді іске асыруға жол ашатын бастапқы әрі нақты жұмыс бағдарларын айқындап көрсетті.

Президентіміз өз сөзінде заң алдында бәрінің тең болуы – мемлекетіміздің ұзақ мерзімді дамуының негізгі шарты екенін қадап айтты. Осы жолда елден заңсыз шығарылған барлық активті елге қайтару маңызды міндетке айналуға. Бұл үшін заңсыз шетел асқан капиталды қайтаруға қажетті рәсімдерді реттейтін заң жобасы әзірленетінін жеткізді.

Қорытындылай келе айтпағым, алда маңдай терін төгіп атқарар жұмыстар көп. Құзыретті органдарға тапсырмалар берілді. Ендігі мақсат – осының бәрін адал атқарып, әділетті Қазақстанды құруға атсалысу.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Ресейдің
XVIII Өңіраралық ынтымақтастық форумына қатысты

Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, Президент бейнебайланыс режимінде өткен жиында барлық шектеуді алу және сауда саласында өзара тиімді жағдай жасау елдеріміздің сапалы экономикалық өсіміне жол ашатынын атап өтті.

– Өткен айда біз елдеріміз үшін атаулы дата – дипломатиялық қатынастардың орнағанына 30 жыл толғанын атап өттік. Осы уақыт ішінде екі мемлекет достық пен тату көршілік қатынастарға негізделген өзара тиімді стратегиялық серіктестік орната алды. Елдеріміз арасында сенімді және конструктивті диалог орнап, ынтымақтастықтың жоғары деңгейіне қол жеткізілді. Біз халықаралық ұйымдар мен интеграциялық бірлестіктер (БҰҰ, ТМД, ҰҚШҰ, ЕАЭО, ШЫҰ, ЕҚЫҰ және АӨСШҚ) аясында өзара белсенді әрекет етеміз. Бұл өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және бүкіл Еуразияның жаһандық саясат пен экономикадағы рөлін арттыруға елеулі үлес қосады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде Ресейдің үлесі бар 17 мыңнан астам компания мен Қазақстан–Ресей бірлескен кәсіпорны табысты жұмыс істеп жатқанын жеткізді.

– Қазақстанға құйылған Ресей инвестициясы жылдан-жылға артып келеді. Ресейлік инвестицияның қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, экономикамызға барынша көптеп тарту үшін қолымыздан келгеннің бәрін жасаймыз. Бұл – елдеріміз арасында тиімді өзара іс-әрекеттің жолға қойылғанын дәлелдейтін тағы бір дерек. Осы орайда былтыр Ресейден Қазақстанға тартылған тікелей инвестиция пандемияға дейінгі деңгейден жоғары болды. Атап айтқанда, үштен бір еседен астам көрсеткішке жетіп, 1,9 миллиард доллардан асты. Сондай-ақ, Қазақстанның Ресейге салған инвестициясы да 34 пайызға артып, 535 миллион долларға жетті. Бұдан бөлек, елдеріміздің сауда-экономикалық ынтымақтастығын одан әрі күшейтуге әлеуетіміз жеткілікті. Кооперациялық ынтымақтастыққа ерекше қызығушылық танытып отырмыз.



Бүгінде бұл сала бойынша Қазақстан мен Ресей арасында жалпы құны 23 миллиард доллар болатын 110 бірлескен жоба жүзеге асырылып, 30 мыңға жуық жұмыс орны ашылды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстанның шекаралас өңірлерінде өнімді өткізудің заманауи және тиімді инфрақұрылымын қалыптастыру үшін бүкіл Еуразия кеңістігіне арналған сауда хабтары жүйесі құрылып жатыр. Мемлекет басшысы көпжақты өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі кеңейту үшін бірлескен күш-жігерді мынадай салаларға жұмылдыруды ұсынды.

– Бірінші. Траншекаралық және өңіраралық ынтымақтастық жөніндегі шағын комиссияның қызметін күшейту қажет. Өңіраралық ынтымақтастық бағдарламаларын үйлестіру және іске асыру – аталған комиссияның негізгі міндеттерінің бірі. Екінші. Шекара инфрақұрылымын

жақсартуға, Қазақстан мен Ресей арасындағы шекара пункттерінің өткізу мүмкіндігін кеңейтуге ерекше назар аудару қажет. Бұл жұмысты салынып жатқан «Бір белдеу, бір жол» бастамасы мен «Солтүстік – Оңтүстік» транзиттік дәліздерін ескере отырып, жүзеге асыру керек деп есептейміз. Бұл бағыттарды ЕЭО қызметімен ұштастыру қажет. Үшінші. Қазақстан тұрақты сауда-инвестиция қатынастарын дамытуға мүдделі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстан мен Ресейдің шекаралас аумақтарында автомобиль жолдарын салуды, логистикалық хабтар мен экономикалық аймақтар құруды, сондай-ақ жоғары дәрежелі қайта жасалатын өнім өндіру саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуді басым бағыт ретінде атап өтті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТҰРҒЫН ҮЙ

ЖАҢА ИПОТЕКА КІМДЕРГЕ ТИІМДІ?

Айнұр
СЕНБАЕВАҮйлі болудың бірден-бір
жол – ипотека рәсімдеуі

Биыл жыл басында ҚТК жылдық пайыздық мөлшерлемесі 12,5 пайыз болатын, орта классқа арналған бағдарламаны ұсынған еді. Бұл бағдарлама жобасының басты ерекшелігі – екінші деңгейлі банктер мөлшерлемесінің 7 пайызын мемлекет халық үшін өзі төлеп береді. Krisha.kz болжамынша, келесі бағдарламаның шарты төмендегідей болмақ: бастапқы төлем – үй құнының 20 пайызы; несиелік мерзімі – 20 жыл; максималды займ сомасы – 15–35 млн теңге; тек алғашқы 10 жылға төлем мемлекеттен беріледі.

Екінші деңгейлі банк мөлшерлемесі қалай есептеледі? Қазір Ұлттық банк белгілеген базалық мөлшерлеме 16 пайыз. Оған банк тарапынан тағы 5 пайыз қосылады. Осы 21 пайыздан мемлекет субсидиялайтын 7 пайыз алынып тасталады. Сонда халыққа қалатыны – 14 пайыз. Бағдарлама шарты бойынша тек қана салынып жатқан және ҚТК кепілдігі бар тұрғын үйден немесе салынғанына 6 айдан аспаған кез келген кешеннен алуға болады. Сонда банк ставкасына қатысты ережеге сәйкес, егер қарыз алушы несиені 19 жылға рәсімдесе, онда қалған 9 жылды банктің толық ставкасымен төлейді, яғни мемлекет субсидиясы алғашқы 10 жыл ғана жұмыс істейді.

Құрылыс саласының маманы Асқар Бековтың айтуынша, бұл ұсынылып отырған бағдарламаның халыққа пайдасы шамалы. Өйткені, 14 пайыздық несиені әркімнің жағдайы көтере бермейді. Сондықтан орта классқа арналған ипотеканың шарттары қолжетімді болғаны абзал.

Қазақстанда үйлі болудың бірден-бір жол – ипотека рәсімдеуі. Елімізде жылжымайтын мүлік нарығындағы әрбір төртінші келісімшарт ипотека арқылы жүзеге асады екен. Айталық, биыл жыл басынан бері 131,2

Елімізде жыл соңына дейін жаңа ипотекалық бағдарлама жариялануы мүмкін екендігі туралы әңгіменің қозғалғанына да біраз уақыт болды. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі хабарлағандай, қазір ведомство мен «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» және мүдделі мемлекеттік органдар тиімді бағдарламаны жасау үшін еңбектеніп жатқан көрінеді. Егер бағдарлама тек сөз жүзінде қалып қоймаса, бұл баспаналы болғысы келетін жұртқа тағы бір жақсы мүмкіндік болмақ.



мың адам баспананы несиеге сатып алған. Бірінші несиелік бюросының ақпараты бойынша, 2022 жылдың 10 айында займ саны 1,2 пайызға өскен (өткен жылдың 10 айымен салыстырғанда). Бұл ретте ипотека сомасы да орта есеппен 18,8 пайызға өскен. Былтыр

қаңтар-қазанда рәсімделген ипотека сомасы 13,1 млн теңге болса, биылғы сома – 15,5 млн теңге. Ал төленбегеніне 90 күннен асқан займдар үлесі – 1,6 пайыз. Былтыр 1,9 пайыз болған. Демек, бұл сегментте проблемалық займ үлесі сәл де болса азайған.

Бір бөлмелі пәтерге неше жыл
ақша жинайсыз?

Биылғы жылдың III тоқсанындағы статистика бюросының мәліметтері бойынша еліміздің ірі қалаларындағы тұрғындардың орташа жалақысын ескеріп, баспаналы болуға қанша жыл ақша жинайтынын есептеп көруге болады. Қаржы мамандарының кеңесін ескерсек, үй сатып алу үшін ай сайын табыстың кем дегенде 30%-ын жинау керек.

Бір бөлмелі пәтер алу үшін қазақстандық азаматқа біраз жыл ақшасын үнемдеп ұстауға тура келеді. Көпшілікке мәлім, республика бойынша үй бағасының ең жоғары көрсеткіші Алматыда, ең жоғары жалақы да осы қалада. Сарапшылардың есептеуінше, орташа жалақының үштен бірін үнемдей отырып, алматылық 19 жыл 7 ай ішінде өз пәтерін сатып алуға ақша жинай алады екен. Қайталама нарықта ауданы 35 шаршы метр болатын бір бөлмелі пәтердің орташа құны қазір 24 млн теңге, ал алматылықтардың орташа жалақысы 339 мыңнан сәл жоғары. Ал Шымкент тұрғындарының орташа жалақы мөлшері – 230 мың теңге, пәтер сатып алуға тура 18 жыл үнемдеуі керек. Петропавл тұрғындары шымкенттіктерге қарағанда үш жылға аз, яғни 15 жыл. Мұндағы орташа жалақы 243 мың теңге, ал бір бөлмелі пәтердің орташа құны 13,2 млн теңге. Астаналықтар бір бөлмелі пәтер сатып алу үшін орташа жалақысының 30%-ын 13 жыл 8 ай бойы жинап отыруы керек. Елдің барлық өңірі арасында ең жоғары жалақы алатын ақтаулықтар. Ақтауда бір бөлмелі пәтер алу үшін 5 жыл 7 айда үнемдеу қажет. Қалған аймақтарда жинақтау мерзімі 7 жылдан 14 жылға дейін өзгереді. Үйді жылдамырақ алу үшін толық жалақыны салып отыруға да болады. Егер бір отбасында екі адам жұмыс істесе, біреуінің жалақысын толық жинауға мүмкіндік береді. Бір адамның орташа жалақысын тұтас жинаса, үйге ақшаны үш есе жылдам жинап алуға болады. Мысалы, Алматыда – 5,9 жыл; Шымкентте – 5,4; Астанада – 3,6; Ақтауда – 1,7 жыл жетіп қалады екен.



КӨГАЛДАНДЫРУ

АҒАШТЫ ЖЕРДІҢ ЫРЫСЫ МОЛ

Үлкен Алматы каналы бойына 2000 қарағай отырғызылды



Алып шаһардағы ағаш отырғызу жұмыстары қысқа дейін жалғасады.

Ағаш егу – қоршаған орта мен экологиялық ахуалды оңалтудың бірден-бір жолы. Ауадағы улы газды өзіне сіңіріп, оттегін бөлетін жасыл желектің адамзат үшін пайдасы шаш-етектен. Бүгінде Алматыда ағаштарды көптеп егу бойынша жүйелі жұмыстар қолға алынған. Күні кеше Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы мамандары қаланы көгалдандыру бойынша жоспарланған жұмыстар аясында Алатау ауданына қарасты Үлкен Алматы каналы жағалауына 2000 қарағай отырғызды.

Туған елге қызмет етудің озық үлгісі саналатын бұл сауапты іс айналыны көркейтуге қамқорлық жасауға әрі Алматының жасыл қала мәртебесін арттыруға бағытталған.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Жасыл кеңістікті ретке келтірді

Алмалы ауданында көшелерді ескі, қураған ағаштардан тазарту жұмыстары дәстүрлі түрде жыл сайын жүргізіледі. Өйткені, қураған ағаш адам өмірі үшін қауіпті.

Міне, қылышын сүйретіп қыс та келді. Қардың үздіксіз жауып, айнала көзге көрінбей ақ көрпеге оранатын күндер де алыс емес. Сондай уақыттарда ағашқа түскен қардың салмағына қураған ағаштар шыдамай, тұрғындарға, дүние-мүлікке зақым келтіруі мүмкін. Осыны ескерген ауданның коммуналдық қызметтері санитарлық мақсатта 5400 ағаш бұтағын кесіп,

жасыл желектің санын арттыру мақсатында 230 жас тал екті. Жалпы ауданда 223 мың жасыл желектің 25 пайызы қоршаған ортаға қауіп төндіретін санатқа енеді.

Күн тәртібіндегі мәселелер уақыт оздырмай шешімін табатын ауданда бүгінде атқарылған жұмыс көп. Алмалы ауданы әкімінің орынбасары Әкімхан Төлегеннің айтуынша, Алмалы ауданының аума-

ғында 110 көше бар. Жалпы ұзындығы 173 шақырым. 2022 жылы ұзындығы 15 шақырымдық 18 мекенжайда орташа жөндеу жұмысы жүргізілді. Қосымша тұрғындардың өтініші бойынша биыл тамыз айында 3 көше бойында біржакты қозғалыс енгізілді. Қосымша жаяу жүргіншілер қауіпсіздігі үшін 1,3 шақырым тротуар салынды. 8 учаскеге 900 метр тротуар жөнделді. 6 бағдаршам қойылған.

Сондай-ақ, ауданда жауын-шашын кезінде су басатын 12 учаске анықталған.

«Алмалы ауданы бойынша жаңбыр жауған кезде су басатын 12 учаске анықталған. Қазіргі кезде 4 аймақта жұмыс аяқталды. Жылдың аяғына дейін қалған 8 учаскеде іске қосылады. Сондай-ақ, Мақатаев көшесіндегі ұзындығы 3,6 шақырым құрайтын коллектор қалпына келтіріледі. Тағы да айтып кетсек, Райымбек даңғылы бойында 1,6 шақырым жаңа канал салынады. Желтоқсан айында 34 шақырымдық арықты жөндеу басталып жатыр», – деді Алмалы ауданы әкімінің орынбасары.

Ауданда «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында 39 жоба жоспарланған. Соңғы екі жоба айдың аяғына дейін толық бітеді.

Әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ҚАУІПСІЗДІК

ЖАСАНДЫ ҚАР КӨШКІНІ

Алматыда қар көшкінін профилактикалық түсіру жұмыстары жүргізілді. Бұл туралы қалалық ТЖД баспасөз қызметі мәлім етті.



Айжан
ШАЛАБАЙҚЫЗЫ

«Тұрғындар мен туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында және Үлкен және Кіші Алматы өзендерінің бассейндерінде көшкіндердің өздігінен түсуіне байланысты 24 қарашада «Шымбұлақ» тау-шаңғы курорты аумағында қар түсіру жұмыстары жүргізілді», деп хабарлады Алматы қалалық ТЖД баспасөз қызметі.

Жасанды көшкін кезінде көлемі 1 мың текше метр қар массасы тау етегіне түсті. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде «Шымбұлақ» демалушыларының қауіпсіздігі қамтамасыз етілді.

Департамент таратқан мәліметке сәйкес, Алматының таулы аймағында қар көшкіні қауіпі бар 165 учаске



бар, оның ішінде қала тұрғындары мен туристері үшін ең үлкен қауіптілері – «Медеу», «Шымбұлақ» ТШК және Үлкен Алматы көлі ауданында орналасқан 18 учаске.

«Қазгидромет» РМК және «Қазселденқорғау» ММ бекеттері қар көшкіні жағдайына тұрақты мониторинг жүргізеді. Шұғыл шараларға «Қазселденқорғау» ММ Алматы қалалық пайдалану-техникалық басқармасының базасында авариялық-механикаландырылған

бригада құрылып, тұрақты дайындыққа кіріседі», – деп атап өтті ведомстводан.

Сонымен қатар, таулы аудандарда жауын-шашынның түсуі және қар жамылғысының тұрақсыз жағдайы салдарынан қар көшкінінің өздігінен түсуі мүмкін.

Осыған байланысты Алматы қаласы ТЖД қар көшкінінің ықтимал еруіне байланысты тік қарлы беткейлерге шығуға тыйым салды.

ЭКОЛОГИЯ



ЖАСЫЛ ЖОБА

Алматыдағы ауа сапасы мен жергілікті халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға тиіс



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

жартысынан астамын алады деп жоспарлап отыр.

(Басы 1-бетте)

25 қарашада Алматыда станция иесі «Алматы электр станциялары» АҚ (АлЭС) мен Еуропа Қайта құру және Даму банкі (ЕКДБ) арасында «Қоршаған ортаға тигізетін әсерін барынша азайту арқылы Алматы ЖЭО-2-ні жаңғырту» жобасын қаржыландыру туралы кредиттік келісім жасалды. Аталған мәміленің сомасы – 130 млрд теңге.

Бұған қоса, бүгін АлЭС пен Қазақстанның Даму Банкі (ҚДБ) арасында Жобаны қаржыландыруды ұсыну жөніндегі ниеттер туралы келісімге қол қойылды. Ескі ЖЭО-2 жанындағы алаңда жаңа газ станциясын салу бойынша барлық жұмыстарды синдикат, жетекші халықаралық және қазақстандық банктер – ЕКДБ, Азия Даму Банкі (АДБ) және Қазақстан Даму Банкі (ҚДБ) қаражатын тарта отырып қаржыландыру жоспарланып отыр. Қаржыландыру ұлттық валюта – теңгемен, TONIA-ға (Tenge OverNight Index Average) тіркелген өзгермелі пайыздық мөлшер-лемеммен жүзеге асырылады.

Жобаға «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры корпоративтік кепілдігін береді, бұл сарапшылардың бағалауы бойынша тәуекелдерді азайтуға және қаржыландыру шарттарын жақсартуға ықпал етеді, ал келісімнің өзі жобаның ұзақ мерзімді қаржыландырумен қамтылуын қамтамасыз етеді.

«ҚР Үкіметі, «Самұрық-Қазына» қоры және «Самұрық-Энерго» АҚ Алматы қаласы мен Алматы агломерациясының дамуына ерекше көңіл бөліп келеді. Алматы ЖЭО-2 нысанын жаңғырту жобасынан басқа, экологиялық жағдайды жақсарту және Алматы энергия торабындағы жаңартылатын энергия көздері объектілерін одан әрі дамыту үшін біз Алматы ЖЭО-3 аумағында «Қуаты 545 МВт-тық аралас циклді газ станциясын салу» жобасын іске асырып жатырмыз. Бұл нысан 2025 жылы пайдалануға берілетін және осы өңірдегі маневрлік қуат тапшылығын айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді», – деді «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасы Серік Тютеебаев.

ЕКДБ вице-президенті Алан Пиоудың айтуынша, 2025 жылға қарай климаттық және жасыл қаржыландыру ЕКДБ-ның жыл сайынғы инвестицияларының

«Бүтінгі шара Алматыдағы ауа сапасын, жергілікті халықтың өмір сүру сапасын жақсартатын және Қазақстанның Париж келісімін сақтауға және 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу мақсатын жақындататын жасыл жобаның керемет үлгісі», – деп атап өтті ЕКДБ өкілі.

Айта кетсек, «Қоршаған ортаға тигізетін әсерін барынша азайту арқылы Алматы ЖЭО-2-ні жаңғырту» жобасы Алматы ЖЭО-2 алаңында қуаты 600 МВт-ға дейінгі газ-турбиналық технологияларды пайдалана отырып, жаңа станция салуды көздейді. Толық пайдалануға беру мерзімі – 2026 жылғы желтоқсан.

Жобаның мақсаты – станцияны табиғи газ жағуға көшіру есебінен станцияның Алматы қаласының экологиялық жағдайына теріс экологиялық әсерін азайту, сондай-ақ қала мен өңір тұтынушыларын жүктеме кестесіне сәйкес жылу және электр энергиясымен сенімді әрі үздіксіз жабдықтаумен қамтамасыз ету.

Сарапшылардың бағалауы бойынша станцияны газға көшіру жобасы Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақтың ең қатаң талаптарына сәйкес келеді. Бұл сәйкестіктер ЖЭО зиянды заттарының шығарындыларын 93%-ға азайтуға мүмкіндік береді, мөлшерлі бөлшектер мен күкірт то-тығы шығарындыларының құрамынан күл-қож қалдықтарының түзілуін болдырмайды және көмуге жол бермейді, агрегаттардың дыбыссыз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Мұның бәрі станцияның қоршаған ортаға және Алматы агломерациясының тұрғындарына әсер ету аймағын азайтуға тиіс.



ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

Метро құрылысы жанданады



Алматы қаласының Жер қатынастары басқармасы метро стансасын салу мақсатында мемлекет мұқтажына 92 жер телімін иеліктен шығару керегін мәлім етті.

Бүгінгі күні 24 учаскок меншік иесінен сатып алынды. Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 10 желтоқсандағы қаулысымен «Метрополитен» ШЖҚ МКК метроның үшінші кешенінің іске қосу құрылысының жаңа жобасын әзірледі.

Ол Ясауи көшесінен батыс бағытта Абай даңғылының бойымен «Барлық» базарына дейін барады.

Қазіргі таңда аталған жоба бойынша 60 жер учаскесінде «Мемлекет мұқтажына алуға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлік

мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау туралы» қаулы қабылданды.

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 67-бабына сәйкес, жеке сектордың жер телімдерін сатып алуға жоспарланған бюджет қаражатының көлемі бағалау нәтижесінде жасалған тәуелсіз бағалаушы компаниялардың есебі негізінде айқындалады», – деп атап өтті ведомстводан.

Алматы әкімдігі 2023 жылы «Қалқаман» жаңа метро стансасын салу және бірнеше көше мен даңғылды ұзарту үшін жер телімдерін сатып алуды аяқтайтынын айтқан болатын.

Айта кетейік, метрополитен құрылысының мақсаты – көлік инфрақұрылымын жетілдіруді, жолаушылар тасымалының көлемін ұлғайтуды, сонымен қатар қаланың экологиясын жақсарту болып табылады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚОЛДАУ

Оңалту орталықтары ашылады

Сәтін салса, енді аз уақытта, яғни 2023 жылы елімізде 11 психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация, 4 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті мен бір оңалту орталығы ашылатын болды.

Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ


Қазіргі кезде әлеуметтік медициналық-педагогикалық қолдауға аса мұқтаж отбасылар саны көбейіп келеді. Сондықтан мұндай нысандар көмек көрсетуге аса қажеттілік байқалатын өңірлерде іске қосылады. Бүгінгі күні елімізде 89 психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация, 208 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, 13 оңалту орталығы жұмыс істейді. Соған қарамастан, Оқу-ағарту министрлігі 2025 жылға дейін олардың қатарын 125-



ке дейін кеңейтуді жоспарлап отыр. Мұндай орталықтар балалар мүгедектігінің алдын алуға және азайтуға ықпал етеді. Бұған қоса, балаларға арнайы білім беретін ұйымдардың саны да өсті. Балалар жылында аутизммен ауыратын балаларға арналған үш қолдау орталығы ашылды.

КИНОКЕҢІСТІК

«Бұйрабас» түсіріліп жатыр



Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының баспасөз қызметі кішкентай көрермендер үшін «Бұйрабас» қысқаметражды анимациялық фильмі түсіріліп жатқанын хабарлады.

Ақтоқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Фильмнің режиссері Сакиолла Қасиеттің айтуынша, туынды Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша, «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы» КЕАҚ-ның қолдауымен жасалып жатыр.

«Фильм балалар үшін ерекше қызық болады деп ойлаймыз. Онда өздігінен жұмыс істеуге ниеті жоқ, десе де, бастық, бай болғысы келетін Сабаншы аңқау болса да пысық Қозыны өзіне иландырып, кәсіп ашады. Одан түк шықпай, салы суға кеткенде, Сарышұнақ келіп, алтын іздеуге шақырады. Осылайша үш кейіпкердің алтын іздеудегі шытырман оқиғасы баяндалады. Туынды жыл соңына дейін дайын болады», – дейді Сакиолла Қасиет.

Айта кетейік, Сакиолла Қасиеттің бұл алғашқы туындысы емес, бұған дейін ол «Бала Абай», «Исатай мен Махамбет», «Әл-Фараби», «Дала ойындары» секілді анимациялық фильмдерге режиссерлік еткен.

БІЛІМ

АЛМАТЫДА
ЕКІ ЖАҢА МЕКТЕП
АШЫЛДЫ

Алып шаһардың білім саласы екі бірдей жаңа мектеппен толықты

Рая
ЕСКЕНДІП

Алатау ауданының «Ботакөз-2» және Наурызбай ауданының «Достық» ықшамаудандарында 1500 орынды екі бірдей жаңа мектеп ашылды. Жаңа мектептердің ашылу салтанатына қалалық Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева қатысты.



– Еліміздің экономикалық жағдайының жақсаруы білім жүйесіне де оң әсерін тигізіп жатыр. Соның бір көрінісі, бүгінгі №208 және №209 жаңа мектептердің ашылып, пайдаланылуға беріліп жатқаны.

Жалпы, Алматы қаласының басқа аудандарына қарағанда, осы екі ауданда мектеп тапшылығы айқын байқалады. Осы оқу жылында Алатау ауданының «Саялы», «Томирис», «Мәдениет» ықшамаудандарында жаңадан мектептер ашылса, «Нұркент» ықшамауданында жаңа мектептің құрылысы аяқталып отыр.

– Сонымен қатар, биылғы оқу жылында «Қалқаман» ықшамауданында 1800 орынды жаңа мектеп пайдаланылуға берілді. Бұл мектептердің артықшылығы оқушылар бір-ақ ауысымда оқиды. Алматы қаласы бойынша үш ауысымда оқитын мектептер жоқ. Сонымен қатар, осы оқу жылының соңына дейін тағы да үш мектеп құрылысы аяқталмақшы. Олар Түрксіб ауданындағы «Қайрат», Алатау ауданындағы «Дархан және Наурызбай ауданындағы «Алмасити» ықшамауданында ашылады. Қазіргі таңда Алматыдағы мемлекеттік мектептер саны 210-ға, ал жекеменшік мектептер саны 90-ға жетті. Осы білім мекемелерінде 303 мың оқушы білім алып жатыр. Мектептердің құрылысы қарқынды жүргізіліп жатыр.

генімен, орын тапшылығы әлі де 29 мыңды құрап отыр, – деді Ләззат Әуезханқызы.

Қазіргі таңда Алматыда екі ірі жоба қолға алынуда. Мәселен, «Жайлы мектеп» жобасы аясында 22 мектеп құрылысы мен Республикалық «1000 мектеп» жобасына сай 2025 жылға дейін тағы да 37 білім мекемесінің құрылысы қолға алынатын болады.

Жаңа мектептердің ерекшелігі, типтік жобалар бойынша салынбаған. Жобалау кезінде білім ошақтарына қойылатын жаңа стандарттар арнайы әзірленіп, қабылданды. Олар заманауи сәулетімен, жан-жақты ойластырылған кеңістік дизайнымен, кең сыныптары және қоғамдық кеңістігі бар эргономикалық интерьерімен ерекшеленеді. Екі мектептің де 280 орынды кең, әрі жарық асханалары бар.

Мектептердің оқу кабинеттері интерактивті панельмен, SMART тақтамен және заманауи үлгідегі жиһазбен жабдықталған. Спорт залдардың төбесі мен қабырғасы дыбыс өткізбейтін панельмен қапталған, бұл спорттық іс-шара өткізу кезінде өте ыңғайлы, дыбысты оқшаулап тұрады.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мектептер Face ID қауіпсіздік жүйесімен жабдықталып, ата-аналардың, балалардың мектепке кіріп-шыққанын біліп отыруына мүмкіндік жасалған.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



ТУРИЗМ

ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ЕРТЕҢІ

Жыл басынан бері ұлттық парктерге 1,7 млн-нан астам турист саяхат жасаған

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Соңғы жылдары елімізге саяхаттап келушілер көбейді. Мәселен, өткен жылы еліміздің ұлттық саябақтарына 1,7 млн адам келген. Биыл бұл сан көбеймесе, азайған жоқ. Демек, бұл Қазақстанда экотуризм жақсы дамып келеді деген сөз.

Дәл осындай жағымды ақпараттарды «Табиғатқа құлақ сал» жаңа экологиялық маршрутының ашылуы кезінде Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Әлия Шалабекова мәлімдеді.

«Ұлттық статистиканың дерегіне сәйкес, өткен жылы

ұлттық саябақтарға келушілер саны 1,5 млн адамды құрады. Бұл көрсеткішті 2020 жылғы көрсеткішпен салыстырар болсақ, 2021 жылы 40%-ға өскенін көреміз. Биылғы 10 айдағы деректерді қарасақ, онда адам саны 1,7 млн-нан асқан. Бұл – Қазақстанның барлық 14 ұлттық паркі бойынша деректер», – деді ол.

Вице-министр заңнамалық деңгейде Мәжілісте ұлттық парк аумағында экология заңын бұзғандарға жазаны қатаңдау туралы заң жобасы қаралып жатқанын атап өтті.

«Біз Президенттің тапсырмасы бойынша саябақтарды ластау, режимді бұзғаны үшін жазаны арттыру туралы ұсыныс енгіздік, айыппұлдарды екі есеге арттырдық. Мысалы, бұған дейін жеке тұлғаларға бұзушылықтар үшін 10 АЕК мөлшерінде айыппұл салынса, қазір 20 АЕК-ке дейін ұлғайтылды. Әзірге бұл заң Парламентте қаралып жатыр», – деді Әлия Шалабекова.

Оның айтуынша, бүгінгі күні ұлттық саябақтарға келушілерге ыңғайлы болу үшін онлайн төлем қолданылады.

Ұлттық саябақтың аумағына кіргенде, келушілер екінші деңгейлі банктердің қосымшасы арқылы төлей алады. Вице-министр қоғамдық дәретханалар мәселесіне де тоқталды. Оның айтуынша, ұлттық саябақтар қоғамдық дәретханаларды күтіп ұстау, қызмет көрсету бойынша жоспар құрған.

Бүгінгі таңда Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі мен Мәдениет және спорт министрлігі бірлесіп, санитарлық тораптарды күтіп ұстауға жұмсалатын шығынды 83 мың теңге көлемінде субсидиялау мәселесін пысықтап жатыр. Спикер бүгінгі күні көптеген ұлттық парктерде туристік маршруттар ашылып жатқанын айтты.

«Біз «Қалсаң көдері» ұлттық табиғи паркінде «Табиғатқа құлақ сал» экологиялық маршрутын аштық. Екі апта бұрын Катонқарағайда экомаршрут ашылды, сондай-ақ, Сайрам-Өгем ұлттық паркінде экожолды абаттандыру жұмысы аяқталып қалды. Алтынмөл мен Шарыңа баратын маршруттар салынды. Олар келушілер үшін өте ыңғайлы. Бұл жұмыстың бәрі басқа саябақтарда да жалғасады. Келесі жылы шағын ұлттық саябақтар – Қарқаралы, Бұйрат, Көкшетауды абаттандырамыз», – деді Әлия Шалабекова.

БРИФИНГ

«Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!»

республикалық акциясы өтуде

25 қараша мен 10 желтоқсан аралығында жыл сайынғы халықаралық «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясы аясында «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» республикалық акциясы өтуде.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Бұл туралы ӨКҚ брифингінде Алматы қаласы әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның бас инспекторы-хатшысы Гүлнар Әмірова айтты. Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы бұл науқан 1991 жылы басталған және оны қазақстандық әйелдер қолдайды.

«Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясы 7 мыңнан астам ұйымның қатысуымен 190-нан астам елде жүзеге асырылады. Бұл науқан 25 қарашада, «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жоюдың халықаралық күні» басталды және 10 желтоқсанда Адам құқықтары күні аяқталады», – деді Г.Әмірова.

Науқанды қолға алған кезде 2 мақсат қойылды: гендерлік зорлық-зомбылық туралы хабардар болуды арттыру және қоғамның назарын осы мәселеге аудару.

Гүлнар Әмірова Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қыркүйектегі Жолдауында тұрмыстық зорлық-

зомбылықты елемуге болмайтынын атап өткен сөзін еске алды. «Президентіміз: «Отбасын бұзғандар жазаланбаса, олар бұдан да ауыр күйзеліске түседі. Ал зардап шеккендер мүлдем қорғансыз. Мұндай әрекеттер үшін жазаны күшейтетін кез келді деп ойлаймын. Зардап шеккендер біреудің сөзінен немесе қысымынан қорықпауы керек», – деп келтірді спикер.

Сондай-ақ, спикер отбасында мейірімге толы қарым-қатынасты әдетке айналдыру керектігін атап өтті. Балалар туғаннан бастап отбасында өзара түсіністікті көріп өсуі керек.

Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, Алматы қаласы әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның мүшесі, Ішкі істер органдарының ардагері Айгүл Шөпшекбаева тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына деген көзқарасты өзгертетін кез келді деп есептейді.

«Біздің қоғамда зорлық-зомбылық қалыпты жағдай болып саналады және әлі күнге дейін тыңдамағаны үшін балаларды ұрып-соғу арқылы жазалау керек деген пікір бар. Биік мінберлерден әйел тыныш, әрі бағынышты болуы керек дейді. Балалы әйелдер қорғансыз келеді, сондықтан Президентіміз бұл мәселеге үлкен көңіл бөліп отыр», – дейді А.Шөпшекбаева.

Спикер қалада зардап шеккендерге, оның ішінде психологиялық көмек көрсетілетін бас паналайтын орындардың бар екенін айтты. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың куәсі болған балалар бар. Ол тұрмыста зорлық-зомбылық көрген әйелдерге оларға күш көрсеткендердің жауапкершілікке тартылуы үшін дер кезінде полицияға хабарласуды сұрады.

МИГРАЦИЯ

КӨШ КӨҢІЛ ҚУАНТАДЫ



2022 жылдың басынан бері 15,6 мыңнан астам этникалық қазақ қандас мәртебесін алды. Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі хабарлады.

2022 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 15 637 этникалық қазақ тарихи Отанымен табысып, қандас мәртебесін алды. Жалпы, 1991 жылдан бері республикаға 1 миллион 103,5 мың этникалық қазақ оралды.

Жыл басынан Қазақстанға келген қандастардың жартысынан көбі (65,2%) Өзбекстаннан, 9,2% – Қытайдан, 8,8% – Ресейден, 8% – Түркіменстаннан, 4,8% – Моңғолиядан және 4% басқа елдерден қоныс аударған.

Келген этникалық қазақтар негізінен Алматы (28,1%), Маңғыстау (16,3%), Түркістан (8,7%) және Жамбыл (6,1%) облыстарына, сондай-ақ Астана (9%), Шымкент (6,9%) және Алматы (5,5%) қалаларына қоныстанды.

Биылғы жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша қоныс аударушылардың 59,6%-ы еңбекке қабілетті жаста, 26,7%-ы еңбекке қабілетті жастаң кіші және зейнеткерлер 13,7%-ды құрайды.

Еңбекке қабілетті жастағы қандастардың ішінен білім деңгейі бойынша 16%-ы жоғары білімді, 39%-ы орта кәсіби білімді, 43,1%-ы жалпы орта білімді және 1,9%-ының білімі жоқ.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Дәстүрлі музыка фестивалі



Алматыда республикалық «Шертпе күй» дәстүрлі музыка фестивалі өтеді

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мәдениетті қолдау аясында елімізде ірі жобаларды қолға алып жатыр. «Ұмай», «Дала дауысы», Astana Piano Passion сынды мәдени шаралар соның дәлелі. Ал солардың ішінде күй өнері ерекше орын алады.

Орталық коммуникациялар қызметі алаңында ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитеті төрағаның орынбасары Данияр Алиев республикалық «Шертпе күй» дәстүрлі музыка фестивалі туралы айтты.

«Министрліктің қолдауымен жүзеге асып жатқан «Шертпе күй» музыкалық фестивалі Алматыда 1-3 желтоқсан аралығында мәресіне жетеді. 16-23 қыркүйек аралығында 16-35 жас аралығындағы күй саласының білікті мамандарынан, жастардан 45 өтініш келіп түсті. Енді соның қорытындысы шығарылады. Бас жүлде – 1 млн теңге. 1-орын иегері – 750 мың теңге, 2-орын – 500 мың теңге, 3-орын – 300 мың теңге алады. Сонымен қатар барлық қатысушыларға арнайы сыйлықтар табысталады», – деді спикер.

Шертпе күй деп ел арасында домбыраға арналған күйлердің ертеден сақталған, бірақ өте жоғары деңгейде дамыған өзіндік бір ерекше мақамы бар күйді айтады. Лирикалық сезімге бай өнер туындысында ойға шомып жан-дүниеге түрткі салатын сыршылдық басым. Сол себепті те ол Қазақстан аймағына кең тараған дейді мамандар.

Қ.ЖҰМАДІЛОВА.

АНТИКОР

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Антикор бизнеске заңсыз араласудың 72 фактісін анықтады

Күні кеше Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жұмыс тобының және «Атамекен» Ұлттық палатасының кезекті кеңейтілген отырысы өтті.

Агенттік Төрағасының орынбасары Асхат Жұмағалидің басшылығымен өткен келелі жиыны «Атамекен» Ұлттық палатасы басқарма төрағасының орынбасары Мәлік Сәулебай, «Атамекен» Ұлттық палатасының құрылымдық бөлімшелері мен өңірлік кәсіпкерлер палаталарының басшылығы, сондай-ақ Агенттіктің аумақтық департаменттерінің басшылары қатысты.

Жиын барысында кәсіпкерлердің өзекті және проблемалық өтініштері қаралып, топ жұмысының алдын ала қорытындылары шығарылды. Сонымен қатар алдағы кезеңге арналған жоспарлар мен міндеттер айқындалды.

Бүгінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет мемлекеттік қызметшілер тарапынан заңсыз араласу және бизнеске қысым жасау фактілерін анықтау бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Мәселен, жыл басынан бері антикор 72 фактіні анықтап, қазіргі таңда олардың 165-інде сотқа дейінгі тергеу басталды. Олардың ішінде 112 лауазымды тұлға әшкереленіп, оның 65-і сотталды.

Мамандардың айтуынша, заңсыз әрекеттердің көпшілігі орындалған жұмыстардың актілеріне қол қою, рұқсат құжаттарын беру және басқа да заңсыз әрекеттерге қатысты пара алумен байланысты орын алған. Олардың жалпы құрылымдағы үлес салмағы 80%-ды құрап отыр.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің тергеушілері жоғарыда көрсетілген барлық фактілер бойынша мемлекеттік органдар басшылығының атына сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою жөнінде ұсыныстар енгізді.

Жұмыс тобының келесі отырысы оның бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес өткізілетін болады. Кеңес күн тәртібіндегі тағы бір өзекті мәселе сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022–2026 жылдарға арналған Тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу барысы болды.

Атап айтқанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды енгізген және қолдайтын жеке кәсіпкерлік субъектілері үшін мемлекеттік сатып алу кезінде жеңілдіктер, преференциялар, шартты жеңілдіктер (іс-шаралар жоспарының 15-тармағы) және басқа да қолдау шараларын енгізу мәселесі қаралды.

Аталмыш тақырыпты талқылауға қаржы, ұлттық экономика, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктерінің құрылымдық бөлімшелерінің басшылығы қатысты.

Жиын соңында мүдделі мемлекеттік органдармен сындарлы диалог, пікір алмасу өтті. Сонымен қатар, 2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау бойынша нақты ұсыныстар әзірленді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Cyber Games–2022

ЖАҢАШЫЛ ЖАСТАР ЖАРЫСЫ

Алматыда алғаш рет Almaty Cyber Games–2022 турнирі өтті

Жарысқа үш пән бойынша жетекші стримерлер, блогерлер қатысты. Тұңғыш рет өтіп отырған турнирді Алматы қаласы Цифрландыру басқармасының қолдауымен «Студенттік киберспорт жөніндегі ұлттық қауымдастық», iPlay eSports киберспорт платформасы ұйымдастырды. Сонымен, Almaty Cyber Games–2022 турнирі цифрлық ойын-сауық индустриясының нағыз фестиваліне айналды. iPlay eSports платформасының директоры Дархан Дүйсенбиевтің айтуынша, киберспорт бойынша жарыстар екі форматта өткізілуі мүмкін.

– Бұл онлайн және LAN-турнирлер, офлайн, ойыншылар, көрермендер жиналған кезде, ойындар таратылып, қосымша іс-шаралар ұйымдастырылады. Дәл осы іс-шараға, біз Қазақстанның атақты киберспортшыларын, киберспортқа тікелей қатысатын, әуесқойлық деңгейде айналысатын блогерлерді шақырып отырмыз. Мұндай ауқымды іс-шараға 16 жастан асқан кез келген адам қатыса алады, бірақ көмелетке толмағандар үшін ата-анасының жазбаша рұқсаты талап етіледі. Бұл жолы біз жарысты алматылықтар арасында өткізміз. Сәтін салса, келесі жылы платформаны халықаралық деңгейге шығарғымыз келеді. Бұл ең алдымен, туризмді дамытуға көмектеседі, өйткені бүгінгі таңда киберспорт аудиториясының миллиондаған адамдары бар. Егер осындай ауқымды іс-шаралар өткізіліп тұрса, Қазақстан үшін бұл жақсы пиар-жарнама деп ойлаймын. Мұндай іс-шаралар барысында белсенді спортшылар арқылы жастарға гейминг пен экспорт арасында айырмашылықтар бар екенін жеткізе аламыз, – дейді Дархан Дүйсенбиев.

iPlay eSports платформасының директорының айтуынша,

Алматыдағы ең әсем қонақхйдің төрінде Cyber Games eSports турнирі басталып, ойын екі күнге созылды. Бұл күні жарысқа қатысушылар мен қонақтарды әйгілі Counter Strike және Dota2 компьютерлік ойындарының кейіпкерлері қарсы алды. Турнир косплей-шоу қатысушыларының сахналаған қойылымымен ашылды.

eSports – бокс, футбол, шахмат сияқты спорт түрі, ол 2018 жылдан бастап ресми түрде танылған. Жалпы, ойыншылардың барлық уақыттарын ойынға жұмсауының қажеті жоқ, күнделікті үзіліспен жаттығуларына болады. Ең басты уақытты, әрине, оқуға арнаулары керек. Іс-шараны бірлесіп ұйымдастырып отырған «Студенттік киберспорт жөніндегі ұлттық қауымдастық» ЗТБ екі жыл бұрын құрылған. Бүгінде оның құрамына Алматы қаласы ғана емес, Астананың 15 ЖОО кіреді. Студенттік киберспорт жөніндегі ұлттық қауымдастықтың президенті Асқар Нұрпейісовтің айтуынша, бірінші маусымда ол басқаратын ұйымның, сондай-ақ қазақстандық Киберспорт федерациясы мен Ұлттық Олимпиада комитетінің қолдауымен төрт ойын өткізілген екен.

– Бізді Алматы қалалық әкімшілігі мен кибер ойындар өткізетін iPlay eSports ұйымы шақырып отыр, – дейді Асқар Нұрпейісов. – Осы турнирдің керемет ұйымдастырылғаны

үшін оларға алғысымды білдіргім келеді. Бүгінгі таңда киберспорт ерекше қарқын алуда. Мәселен, спорт залдарына бас сұқсаңыз, көптеген спорт түрлерінің артта қалғанын жастардың телефондарда, гаджеттерде отырғанынан байқауға болады. Біздің турнирлерге негізінен it-университеттер қатысады. Қазір жаңа заман, уақытқа ілесіп отырмаса болмайды. Дегенмен, біз киберспорттың оқуға зиянын тигізгенін қаламаймыз. Біздің басты шартымыз – экспорт спорт ретінде қабылданады, яғни күніне екі сағат жаттығып, қалған уақытты оқуға арнау керек. Егер біреу оқуда үлгермесе, біз, әрине, оған жауап береміз. Өз кезегінде қалалық Цифрландыру басқармасының бас маманы Ерасыл Жеңісов киберспорт it-мен тікелей байланысты екенін атап өтті.

– Біз барлық қатысушылар арасында коммуникация құру және қаламыздың базасында киберспортты толыққанды дамыту үшін жұмыс істеуі тиіс экожүйені көтергіміз келеді. Егер экспорт белсенді дамитын болса, онда оңтүстік астананың университеттер базасында жаңа факультеттер – киберспорт немесе ойын индустриясы ашылуы мүмкін, осыған байланысты жаңа жұмыс орындары пайда болады. Біз қазірдің өзінде жаңа кәсіптер ашатын халықаралық технологиялық компанияларды тарта аламыз. Егер біз киберспортты дамыту аясында әрекет етсек, интернет-провайдерлермен бұрыннан келе жатқан мәселені шешетін боламыз, сонда бізде интернет жақсы жұмыс істейді. Ресей, Қытай немесе еуропа елдерінің тәжірибесін ескере отырып, біз турнирлерді ұйымдастырудың халықаралық операторы болсақ, бұл бізге кем дегенде ішкі және сыртқы туризмді дамытуға мүмкіндік берер еді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Жақын арада еліміздегі мектеп оқушылары арасында қаржылық сауаттан олимпиада өтетін болды. Бұл жобаны Қаржы мониторингі агенттігі мен Оқу-ағарту министрлігі қолға алып отыр.

ЖАҢА ЖОБА



Биылғы оқу жылында Оқу ағарту министрлігі 5–11-сыныптардың үлгілік оқу жоспарына «Бизнес және кәсіпкерлік негіздері» және «Қаржылық қауіпсіздік» атты бөлімдерден тұратын «Жаһандық құзыреттер» курсы енгізілген еді. Осы ретте Халықаралық оқу-әдістеме орталығының қатысуымен көрнекі материалдары бар оқыту әдістемесі жасалды. Сонымен қатар, қаржылық қауіпсіздік бойынша олимпиаданы өткізу жоспарланып отыр. Қазіргі таңда мұндай тәжірибені көптеген елдер қолданып отыр. Қазақстан студенттері биыл Ресей Федерациясының Сочи қаласында өткен халықаралық олимпиададан жүлделі оралды, оған әлемнің 12 елінен 40 мыңнан астам студент қатысқан болатын.

Сонымен, аталмыш олимпиада оқушылар арасында пилоттық режимде өтпек. 2023 жылы қаржылық сауаттылық бойынша сабақтар өткізіп, олимпиадалар ұйымдастырылмақшы.



Әділетті Қазақстан құру жолына бет алған елімізде игілікті жұмыстар қолға алына бастады. Оның бірі – әлеуметтік аз қамтылған отбасының балалары балабақшаларда тегін тамақпен қамтамасыз етіледі.

Өзіміз көріп жүргендей, көптеген отбасылар қаржылай қиындыққа байланысты өздерінің балаларын балабақша кезегіне қоя алмай отыр. Балабақшаға бармаған балалардың мектепке барған соң да бағдарламаны игеруі оңайға түспесі анық. Сондықтан осындай топтағы балалардың мектептегі үлгерімі төмен болып жатады. Сондай-ақ, балалар дұрыс тамақтанбағандықтан, олардың денсаулығында да көптеген проблемалар орын алады. Президенттің сайлауалды бағдарламасында көрсетілген бірнеше тармақта отбасының цифрлы картасы арқылы қиын жағдайға ұшыраған, әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балаларды анықтау алгоритмі енгізіліп, олар балабақшаларда тегін тамақпен қамтамасыз етілмекші. Президенттің бұл

ТЕГІН ТАМАҚТАНАДЫ

Барлық бастауыш сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтылатын болады



игі бастамасы бірнеше жүз мың балаға балабақшаға баруға, денсаулығын жақсартуға, болашақта оқу үлгерімін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, барлық бастауыш сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтылатын болады.

Бүгінгі таңда 7 облыс пен Алматы қаласында 1–4-сынып оқушыларына тегін ыстық тамақ беріліп келсе, енді Мемлекет басшысының 2029 жылға дейінгі сайлауалды бағдарламасы аясында 1–4-сынып оқушыларын 100% мектеп тамағымен қамту жоспарланып отыр. Президенттің бұл бастамасы өз кезегінде балалардың денсаулығына, жақсы дамуына, оқу үлгерімін және әл-ауқатын жақсартуына оң әсер ететіні сөзсіз.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ



ВИЧ СОҢҒЫ ҮКІМ ЕМЕС

Жүйелі ем науқастың ағзасында вирустың одан әрі көбеюіне жол бермейді, ол өз иммунитетін көтеруге күш жұмсаса, ел қатарлы ұзақ өмір сүру мүмкіндігі бар

Алматы қаласында ЮНЕЙДС бастамасымен 21 қараша – 1 желтоқсан аралығында «Теңдік уақыты» ұранымен онкүндік өтуде. Әлемдік деңгейде қолға алынып отырған бұл іс-шара 1 желтоқсан – Дүниежүзілік ЖИТС-ке (жұқтырылған иммун тапшылығының синдромы) қарсы күрес күніне орай ұйымдастырылып отыр. Себебі, ЖИТС (СПИД) тақырыбы әлі де күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе.



**Нұржамал
ӘЛІШЕВА**

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласының ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес орталығы дәрігерлері осы тақырыпты тарқатты.

Жалпы, бұл денсаулық науқаны халықты, әсіресе, жастарды сақтандыру үшін, сол тұрғыда тұрғындардың ақпараттық деңгейін көтеру үшін қолға алынған.

«АИТВ (адамның иммун тапшылығы вирусы) жұқтырған алғашқы адамның тіркелгеніне қырық жылдан астам уақыт өтсе де, бұл жұқпалы вирус әлі күнге беті қайтпаған қатерлі аурулардың бірі болып отыр. «Теңдік уақыты» ұраны – бұл қоғамды нақты іс-әрекетке шақыру. Ол бәрімізді ЖИТС-ті жоюға қажетті тексерістен өткен тәжірибелік шараларды іске асыруға жетелейді. Олардың ішінде көмекке мұқтаж әрбір жанның қажеттілігінің қамтамасыз етілуі, яғни АИТВ жұқпасын емдеу, тексерілу және алдын алу үшін қолжетімділік пен сапаның артуы қамтылады», – дейді Алматы қаласы ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес орталығының профилактикалық жұмыс бөлімінің меңгерушісі Альмира Зәуірбекова.

«Теңдік уақыты» аралығында Алматы қалалық ЖИТС орталығының медицина қызметкерлері қауымдастықтар мен қоғамдық үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе отырып, халықтың АИТВ-жұқпасы туралы ақпараттық деңгейін арттыруға бағытталған әртүрлі іс-шараларға мұрындық болады.

Олар түрлі сала мамандары арасында тақырыптық семинарлар мен тренингтар өткізеді. Сондай-ақ, С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің студенттері арасында «АИТВ және стигма/дис-

криминация» тақырыбына пікірталас жоспарланған. Бизнес-құрылым өкілдері арасында ақпараттық материалдарды тарата отырып, АИТВ-ға тесттен өткізу акциясы ұйымдастырылады.

● МАМАН ПІКІРІ

Альфия ДЕНЕБАЕВА,
Алматы қаласы ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес орталығы бас дәрігерінің орынбасары:

АЛДЫН АЛУ МАҢЫЗДЫ

Біздің елімізде АИТВ-инфекциясын емдеу және оның алдын алу мәселелеріне әрдайым көп көңіл бөлінеді. АИТВ-ның тиімді алдын алу, диагностикалау, емдеу және күтіміне қолжетімділікті кеңейтудің арқасында инфекция созылмалы аурулар санатына өтті. Қазіргі уақытта АИТВ-ны емдеу диагноз қойылғаннан кейін бірден басталады және ол қызмет тегін көрсетіледі. 2022 жылғы 1 қазанға дейінгі жағдай бойынша ЖИТС орталығында диспансерлік есепке 4109 адам тіркелген, жылы сайынғы өсім 10-11%-ды құрайды, анықталған жағдайлардың төрттен бір бөлігі еліміздің басқа аймақтарынан келген азаматтар. Антиретровирустық терапияны АИТВ-мен өмір сүріп жатқан 3688 адам қабылдауда (бұл есепте тұрғандардың 91,2%-ы). Маңызды бағдарламалық әрекеттердің бірі – АИТВ-ның анадан балаға берілуінің алдын алу шарасы. АИТВ-ға оң нәтиже көрсеткен жүкті әйел уақытылы профилактикалық ем қабылдаған болса, одан дені сау бала туатыны анық. Сондықтан бүгінгі күні аяғы ауыр әйелдерді «Әйелдер кеңесінде» АИТВ-ға екі рет жоспарлы тексеруден өткізеді. Ал бұл өз кезеңінде болуы мүмкін аурудың жолын жедел кесуге мүмкіндік береді. 2020 жылдан бастап жүкті әйелдердің жыныстық серіктері де, яғни ерлері де АИТВ-ға тестілеуден өтуде.

Алғашында бұл ауруды жұқтырғандар қоғам тарапынан «алау» мен «кемсітушілікке» ұшырағаны рас. Ал бұл олардың толыққанды өмір сүруіне, медициналық көмекке жүгінуіне, уақытылы ем-дом алуына кедергі келтіре бастады. Сондықтан Үкімет тарапынан олардың қоғамда-

ғы құқығын қорғайтын, «мандайына таңба» басуға кедергі жасайтын түрлі профилактикалық бағдарлама әзірленіп, жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде ауруға шалдыққандар емін-еркін ем қабылдап, аурумен күресуде белсенділік таныта бастады.

Осы онкүндік шеңберінде АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға деген стигма және дискриминация жағдайларын болдырмау мақсатында арнайы орта білім орындарының студенттері арасында «Қауіпсіздік марафоны» атты QUIZ ойыны, «Сенім пункттерінің» медбикелері арасында

Қалада жыл сайын халықтың 16-17 пайызы АИТВ-ға тестілеуден өтеді. Бұл шамамен, 350 мың зерттеу деген сөз. Егер өзін осы ауруды жұқтырып алғанына қауіптенген адам болса, ол кез келген уақытта тұрғылықты жері бойынша тіркелген емханасында немесе ЖИТС орталығына келіп тегін тесттен өте алады. Аты-жөні Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде құпия сақталады. Яғни жариялыққа жол берілмейді.

Біз ВИЧ-пен ауыратын адамдарды көбіне нашакорлар деп ойлайтынымыз жасырын емес. Өкінішке орай, соңғы кездері бұл вирус жыныстық қатынас арқылы жиі тарала бастаған. Оған дәлел, егер осыдан 10–15 жыл бұрын бұл жұқпа 50–60 пайызы инъекциялық есірткі тұтынушылар арасында анықталған болса, қазір жыныстық қатынас арқылы жұқтыру жоғары деңгейге жеткен. Нәтижесінде ана мен бала өміріне қауіп төнуде.

Иә, жалпы ел бойынша, сондай-ақ мегаполисте де АИТВ-ның жыныстық жолмен берілу дерегінің 2013 жылғы 63%-дан биыл 77,9%-ға дейін көбейгені байқалған. Ал вирустың инъекциялық есірткі қолдану арқылы берілу көрсеткіші 15%-ды құрайды.

Бүгінде қалалық емханаларда 19 «Сенім пункті» мен 5 «Достық кабинеті» жұмыс істейді. Оған мегаполис тұрғындары кез келген уақытта жүгіне алады.

Айтпақшы, бізде заманауи сандық технологияларды қолдандың инновациялық модельдерінің бірі – АИТВ-тесттеріне онлайн-тапсырыс беруге болады. Бұл АИТВ-ны жұқтыру қаупі туындаған адамдар үшін өзіне-өзі тест жасау үшін өте тиімді әдіс. Тестке Алматы қаласының ЖИТС орталығының сайтында hivtest.kz сілтемесі арқылы тапсырыс беруге болады.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ЕМ-ДОМДЫ ҮЗУГЕ БОЛМАЙДЫ

• АИТВ – бұл сол вирусты жұқтырған адам үшін кесімді үкім емес. Ол адам дәрігердің айтқанын орындап отырса, салауатты өмір салтын ұстанып, құнарлы тағамдар тұтынса, дене шынықтырумен айналысса, яғни өз иммунитетін көтеруге күш жұмсаса, ел қатарлы, ұзақ өмір сүру мүмкіндігі бар.

• Оларға дәрі-дәрмек тегін беріледі. Жүйелі ем науқастың ағзасында вирустың одан әрі көбеюіне жол бермейді тежеледі, өршуін тоқтатады. Соның нәтижесінде АИТВ жұқтырғандардың өмір сүру мүмкіндігі мен иммундық жүйе қызметі жақсарады. Тек емді үзуге болмайды.

• ВИЧ инфекциясының жұғу жолдары: қорғалмаған жыныстық қатынас; қан арқылы; анадан балаға жүктілік немесе ана сүті арқылы. Ал күнделікті тұрмыстық қарым-қатынаста жұқпайды.

P.S.

Әрине, ВИЧ жұқтырған адамға бұл дерт соңғы үкім емес. Бүгінгідей медицинаның қарқынды дамыған кезеңінде ол диагнозбен де өмір сүруге болады. Дегенмен, жұқтырмаудың, ауырмаудың жолын іздеген әлдеқайда дұрыс дегенді де айтқымыз келеді.



КАТАР – 2022

МЕССИ МЕН
НЕЙМАР

Катардағы Әлем чемпионатында аргентиналық Лионель Месси мен бразилиялық Неймарды біріктіретін бір нәрсе бар. Иә, екеуі де «Барселонада» доп тепкен. Иә, екеуі де «Пари Сен-Жерменнің» намысын қорғайды. Бірақ біздің айтпағымыз, бұл емес. Екеуі де Олимпиада жеңімпазы және Әлем чемпионы атанған футболшылардың қатарын толықтыруы мүмкін. Тарқатып жазайық.

Жалпы, Олимпиада бағдарламасындағы футболдың өз ерекшелігі бар. Спорттың бұл түрі 1900 жылы Парижде өткен Олимпиада ойындарынан бастап үздіксіз төрт-жылдық доданың көркін қыздырып келеді. Әу баста ешқандай шектеу болмайтын. Кейін кәсіпқой футболшылардың қатысуына тыйым салынды. 1992 жылы бұл тыйым алынып тасталды, бірақ тек 23 жасқа дейінгі ойыншыларға қатысуға рұқсат берілді. Алайда, әр команданың өз құрамына 23 жастан асқан үш ойыншыдан қосуға мүмкіндігі бар.

Сонымен, бүгінгі таңда Олимпиаданы да ұтқан, Әлем чемпионатын да жеңген 17 ойыншы бар. Бір қызығы, бұл 17 футболшы екі-ақ құраманың ойыншыларына тиесілі. Тағы бір айта кетерлігі, тізімнің толықпағанына 84 жылдан асқан.

Бүгінгі таңда Уругвай мен Италия футболшылары ғана Олимпиада және Әлем чемпиондары атанған. Алдымен оңтүстік америкалықтар туралы. Уругвай футболшылары 1924 жылы Парижде және 1928 жылы Амстердамда өткен Олимпиада ойындарында бас жүлдеге қол жеткізген. Кейін сол команданың 13 футболшысы: Хосе Насасси, Хосе Леандро Андраде, Педро Сеа, Педро Петроне, Эктор Скароне, Сантос Урдинаран, Соило Сальдомбиде, Хуан Ансельмо, Эктор Кастро, Лоренцо Фернандес, Альваро Хестидо, Доминго Техера, Анхель Мелоньо 1930 жылы өз елінде өткен Әлем чемпионатында да топ жарды. Алғашқы алтауының, тіпті, Олимпиаданың екі дүркін жеңімпазы деген атағы да бар. Сол жылдары Уругвай құрамасында бәсекелестіктің жоғары болғаны соншалық, Анхель Мелоньо Олимпиада ойындарында да, Әлем чемпионатында да алаңға шыққан жоқ.

Италия да 1930 жылдары алтын хет-трикке қол жеткізген. Бір айырмашылығы, «Скуадра адзурра» 1934 және 1936 жылы Әлем чемпионы атанса, 1936 жылы Олимпиадада атой салған. Осы екі додада да топ жарған төрт италиялық футболшы бар. Олар: қорғаушылар Альфредо Фони, Пьетро Рава, Уго Локателли және шабуылшы Серхио Бертони.

Иә, сол 1938 жылдан кейін бірде-бір футболшыға «алтын дуплет» бұйырмай келеді. Дегенмен, биыл бұл тізімге 15 ойыншының енетін мүмкіндігі бар. Мәселен, 2008 жылғы Бейжің Олимпиадасында Аргентина құрамасы жеңімпаз атанған. Биыл сол құрамнан Катардағы мундиальда Лионель Месси мен Анхель Ди Мария өнер көрсетіп жүр. 2012 жылғы Лондон Олимпиадасында Мексика қарсылас шақ келтірмеді. Биыл Әлем чемпионатына да Майя ұрпақтары қатысуда және құрамында Олимпиада жеңімпазы атанған Нестор Араухо, Эктор Эррера және Рауль Хименес бар. Ал Рио-де-Жанейро мен Токиода өткен екі олимпиадалық футбол турнирінде Бразилия жеңіске жетті. 2016 жылы «Селесаоның» қазіргі құрамының бес ойыншысы – Неймар, Рафинья, Габриэл Жезус, Маркиньос және Вевертон жеңіске жетсе, «Токио-2020» ойындарында Антони, Ришарлисон, Дани Алвес, Габриэл Мартинелли және Бруно Гимарестер алтынмен апталған еді.

Әлбетте, 84 жылдан бері жаңармаған тізім биыл толығы мүмкін. Тек Лионель Месси, әлде Неймар? Редакциямызға жазыңыздар, хаттарыңызды қабылдауға дайынбыз.

БОКС

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНАН
ЖЕТІ ЖҮЛДЕ

Испанияның Аликанте қаласында әуесқой бокстан Әлем чемпионаты мәресіне жетті. Екі аптаға созылған жаһандық додада Қазақстан боксшылары 2 алтын, 2 күміс және 3 қола медаль жеңіп алды.

Екі алтынды да қоржынға қыздарымыз салды. 54 келі салмақ дәрежесінде Элина Базарова неміс Куцохриста Хрисовалантаны жеңді. Тіпті, қарсыласын екі рет есеңгіретіп те тастады. Екінші алтынды 66 келіде Бақыт Сейдіш иеленді. Оның да финалдағы қарсыласы Германия өкілі болатын. Шарлотта Шуэнманға қарсы кездесуде бес төрешінің біреуі тең есепті тіркегенімен, қалған төртеуі сенімді түрде жерлесіміздің жеңісін таныды.

Күміс медальдар ерлер арасында 67 келідегі Нұрбек Мұрсал мен 75 келідегі Дәулет Төлемісовке бұйырды. Екеуі де финалда өзбек боксшыларына есе жіберді.

Ал үш қоланы қоржынға қыздар: 48 келідегі Гүлнәз



Бөрібаева, 63 келідегі Әсем Таңатар және 81+ келідегі Әсел Тоқтасын салды.

Айта кетейік, Испаниядағы Әлем чемпионатында боксшылардың ұпайларын есептеу жүйесінде электрондық құрылғылар тестілеуден өткізілді.

КОНЬКИ

ОСАЛ ЕМЕСПІЗ

Финляндияның Сейняйоки қаласында конькимен жүтіруден жастар арасындағы Әлем Кубогының бірінші кезеңі өтті. Қазақстан құрамасының спортшылары 2 алтын, 2 күміс пен 1 қола жүлдеге қол жеткізді.

Алдымен 1000 метрге жарыста Алина Дауранова алтын жүлде жеңіп алған. Ол аталмыш қашықтықты 1:22.10 уақытта жүгіріп өтті. Екінші алтын да Алина Дауранованың еншісінде. 500 метрлік қашықтықты аруымыз 40,27 секундта бағындырды.

Сонымен қатар, ерлер арасында Никита Важенин 2-орын алды. Ол тек жапониялық Исса Гунджиден



2 секундтай қалып қойды. Тағы бір күмісті жастар мен ересектер арасындағы өтпелі «нео-ересектер» деңгейіндегі 500 метрлік жарыста Алтай Жәрдембекұлы иеленді.

Сондай-ақ, 3000 метрде қазақстандық Нұралы Ақжол қола жүлдегер атанды.

ФУТЗАЛ

«ҚАЙРАТ» ФИНАЛДАН ҚАҒЫЛДЫ

Алматыда футзалдан УЕФА Чемпиондар лигасы элиталық кезеңінің аясындағы «С» тобының ойындары өтті. Алайда, «Қайрат» өз алаңында өткен турнирді өте сәтсіз өткеріп, финалдық кезеңге шыға алмады.

УЕФА шешімімен «Қайрат» «С» тобының ойындарын өз алаңында өткізуге мүмкіндік алған. Сондықтан да шығар, алматылықтар финалдық кезеңге еш қиындықсыз шығады деп ойлағанбыз. Португалияның «Бенфикасы», Мальтаның «Луксол» және Чехияның «Хрудим» командаларымен бір топқа түскен жерлестеріміз турнирді мальталықтарға қарсы ойынмен бастады. Алайда, қарсылас қақпасына саңылау таба алмай, ұпай бөлісуге мәжбүр болды.

Екінші турда бас бапкер Кака бастаған жігіттер «Хрудиммен» кездесті. Бірінші тайм голсыз өткенімен, үзілістен кейін чехиялықтар жылдам екі гол соғып, жағдайды қиындатып тастады. Алматылықтар матчтың аяқталуына бір минут қалғанда Вилеланың голымен ғана жауап бере алды.

Ал соңғы турда «Қайратқа» «Бенфика» қарсылас атанды. Бұл жолы Альберт Ақбалықовтың соққан голы



арқасында алматылықтар есепті бірінші болып ашқанымен, португалиялықтар екінші таймның басында таразы басын теңестіріп, соңында жеңіс голын да соғып кетті. Тағы да есеп – 1:2.

Осылайша үш ойында бір ғана ұпай еншілеген «Қайрат» өз тобында соңғы орынға жайғасты. Ал финалға 7 ұпай жинаған «Бенфика» жолдама алды.

Естеріңізге сала кетейік, «Қайрат» – Чемпиондар лигасының екі дүркін жеңімпазы.

Бетті әзірлеген
Әзиз ЖҰМАДІЛ.



ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесіе мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ХАБРАЛАНДЫРУ

«Алматы электр станциялары» АҚ – Алматы ЖЭО күлді сумен тазалаудан кейінгі күл-қож қалдықтарын қайта өңдеу/кәдеге жарату жөніндегі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді қабылдаудың басталғаны туралы хабарлайды.

Конкурсқа қатысу үшін «Алматы электр станциялары» АҚ-ға конкурстық жобаның сипаттамасын, жобаның таныстырылымын және жобаны іске асыру бойынша шығыстарды бағалау сметасын қамти отырып, қатысуға өтінім беру қажет.

Өтінімдерді қабылдаудың басталу уақыты мен күні: 2022 жылғы 1 желтоқсан, сағат 08.00.

Өтінімдерді қабылдаудың аяқталу уақыты мен күні: 2023 жылғы 31 қаңтар, сағат 17.00.

Конкурсқа қатысуға өтінім конкурс өткізу туралы Ережеге сәйкес біріздендірілген нысанда беріледі. Конкурсты өткізу туралы Ережемен толығырақ «Алматы электр станциялары» АҚ www.ales.kz ресми сайтында танысуға болады, Тұрақты даму – Қоршаған ортаны қорғау бөлімінде. Экологиялық ағартушылық, Конкурс тар – айдарында (https://ales.kz/ru/ustojchivoe-razvitie/91-ustojchivoe-razvitie-2).

Өтінімдер келесі электрондық мекенжайларға электрондық түрде ұсынылуы тиіс: 77_17_00_PO2@ales.kz, 77_17_00_PO5@ales.kz.

Барлық сұрақтарды 8 (727) 254-04-01 (Мирамбек), 8 (727) 254-04-65 (Олжас) телефондары арқылы қоюға болады.

МӘМС

70-тен астам трансплантация жасалған

Биылғы 9 айда Алматы тұрғындарына міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеті шеңберінде көрсетілген қызметтерге 90,1 млрд теңге төленді. Бұл туралы мегаполис тұрғындарымен болған кездесуде Медициналық сақтандыру қоры Алматы қаласы филиалының директоры Тілеухан Әбілдаев хабарлады.

Оның айтуынша, соңғы жылдары консультативтік-диагностикалық қызметтерге деген сұраныс жоғары. Оған өткен 9 айда қор 18 млрд теңге жұмсаған. Соның ішінде компьютерлік томография мен магнитті-резонанстық томографияға түсушілер көп.

Сонымен қатар, МӘМС құны орта есеппен бірнеше миллионға жетіп жығылатын қымбат операциялардың да шығынын жабады.

«Сақтандыру қаражаты есебінен кардиохирургия, нейрохирургия, урология, травматология, хирургия, онкология, ЛОР профильдері бойынша жүздеген ота жасалып жа-

тыр. Мұндай бір отаның құны бірнеше миллионға дейін жетіп жығылуы мүмкін. Мысалы, осы жылдың 9 айында бір ғана Алматы қаласы бойынша 1300-ден астам кардиохирургиялық операция жасалып, оған қор тарапынан 5,7 млрд теңге төленді. Нейрохирургиялық профиль бойынша 548 операция жасалған. Оған 2,9 млрд теңгеден астам қаржы төленді», – деді Тілеухан Әбілдаев.

Бүгінде тізе, жамбас буындарын алмастыру операцияларына деген сұраныс та жоғары. Мысалы, осы жылдың 9 айында 240-тан астам буын алмастыру операциясы жасалып, оған 438,5 млн қаржы төленген.

Сонымен қатар, Алматы қаласында қаңтар-қыркүйек аралығында жалпы құны 441 млн теңге тұратын 70-тен астам трансплантация жасаған. Олардың ішінде 18 бауыр-бүйрек алмастыру операциясы да бар. Осының бәрі сақтандыру арқылы көрсетіліп жатқан қызметтер.

Нұр-ЖАМАЛ.

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырман!

2023 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға бір жылға жазылу керек.

2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектің көшірмесін конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС.

2023 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Байқауға бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтарды табыстау 2023 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2023 жылдың 2 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

ӘЛЕУМЕТ

БӘРІНІҢ СҰРАУЫ БАР

немесе қате төленген әлеуметтік аударымдарды қалай қайтаруға болады?



Нұржамал
ӘЛШЕВА

2005 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасында әлеуметтік тәуекелдер туындаған жағдайда жұмыс істейтін азаматтарды әлеуметтік қорғаудың қосымша нысаны болып табылатын міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі енгізілген болатын.

Бүгінде міндетті әлеуметтік сақтандырумен елімізде шамамен 6,7 млн адам қамтылған. Жыл сайын Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (МӘСҚ) 1 млн-нан аса азамат әлеуметтік төлем алады.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру ынтымақтастық қағидаттарына негізделген, яғни әлеуметтік аударымдар барлық жұмыс істейтін азаматтар үшін төленеді. Ал төлемдерді тек әлеуметтік тәуекел туындаған адамдар ғана алады.

Жұмыс берушілер өз қаражаты есебінен қызметкердің табысының 3,5% мөлшерінде МӘСҚ-ға әлеуметтік аударымдар төлейді. Жеке кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын адамдар әлеуметтік аударымдарды өз пайдасына алатын табысының 3,5% мөлшерінде төлейді. Бұл ретте әлеуметтік аударымдар міндетті зейнетақы жарналары сияқты қызметкердің жалақысынан ұсталмайды, ол жұмыс берушілердің қаржысы есебінен төленеді.

Ал егер төлеуші МӘСҚ-ға әлеуметтік аударымдарды қате аударса немесе артық төлеп қойған болса, онда бұл қаражат қайтарылуға тиіс. Ол үшін төлеуші «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына өтінішпен жүгінуі және қажетті құжаттарды қоса беруі қажет. Құжаттар тізбесі өтініш нысанында көрсетілген. Олар әлеуметтік аударымдарды төлеу кезінде жіберілген қатенің түріне байланысты қоса берілуге тиіс. Өтініш формасын gfss.kz сайтынан «Әлеуметтік аударымдар/және (немесе) артық (қате) төленген өсімпұлдар-

ды қайтару» бөлімінен жүктеп алуға болады.

Мемлекеттік корпорация мынадай себептермен: егер әлеуметтік аударымдарды уақытылы және (немесе) толық төлемегені үшін әлеуметтік аударымдарды және (немесе) өсімпұлдарды есептеу фактісі расталмаса; төлеушінің өтініші бекітілген нысанға сәйкес келмесе; төлеушінің өтінішінде қайтарудың себебі дұрыс көрсетілмесе (бірнеше себеп көрсетілсе) өтінішті қабылдамауы және қайтаруы мүмкін.

Қабылданған өтініштер бойынша мемлекеттік корпорация 5 операциялық күн ішінде әлеуметтік аударымдарды және (немесе) өсімпұлдарды есепке алу фактісін тексереді және осы төлем бойынша барлық деректемелерді растауды қоса бере отырып, құжаттарды МӘСҚ-ға жібереді.

МӘСҚ төлеушінің өтініші келіп түскен күннен бастап 7 операциялық күн ішінде кейіннен оларды төлеушіге аудару үшін мемлекеттік корпорацияның банктік шотына ақша аударуды жүзеге асырады.

– *Алайда, сұралған әлеуметтік аударымдардың сомалары кейде қайтарылуға жатпайды. Мысалы, егер әлеуметтік аударымдар МӘСҚ-дан әлеуметтік төлемдерді тағайындау кезінде жүйеге қатысу өтіліне есепке алынған кезең үшін есептелген болса немесе төлеушінің өтінішінде көрсетілген қайтару себебі расталмаса, артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдардың сомалары қайтарылмайды. Мұндай жағдайларда МӘСҚ мемлекеттік корпорацияға әлеуметтік аударымдар және (немесе) өсімпұлдар сомаларын қайтарудан бас тарту себептері туралы ақпаратты береді. Мемлекеттік корпорация өз кезегінде бұл ақпаратты төлеушіге хабарлама жіберу арқылы жеткізеді, – деді «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ Алматы қаласы бойынша филиалының директоры Ләззат Сағынбекова.*



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.

«Alatay Aqparat» ЖШС ұжымы «Степаненко С.А.» ЖК директоры **Сергей СТЕПАНЕНКОНЫҢ** қайтыс болуына байланысты жұбайы Ольга Ивановнаға, туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Балалар жылына орай Алматыда жасөспірімдерге арналған Speak Up форумы өтті. Іс-шара барысында мобилография, ораторлық өнер сынды шеберлік сағаттары ұйымдастырылып, білікті сарапшылар жасөспірімдерге арналған қызық әрі пайдалы дәріс өткізді. Сондай-ақ, форумға қатысушы жастар көкейкесті сұрақтарына жауап алуы үшін психологтан кеңес алу мүмкіндігі де қарастырылды.

SPEAK UP – ШЕБЕРЛІК САБАҚТАРЫ



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Жасөспірімдер «Ата-аналарымен және құрдастарымен қарым-қатынас дағдыларын қалай жақсартса алады?», «Еріктілер қатарына қалай қосыла аламыз?», «Стартап ұйымдастырудың қыр-сыры», «Мамандық таңдауда нені ескеру керек?», «Актёрлік мансапты қалай бастау керек?». Осы және басқа да маңызды сұрақтардың жауабын балдырғандар «speak up» форумынан біле алды. Сондай-ақ, мобилография, қаржылық сауаттылық, блогерлік, ораторлық өнер сынды шеберлік сағаттары ұйымдастырылды.

«Форумға екі баламды алып келдім. Олардың қуанышында шек жоқ. Өздері көптен бері үйренгісі келіп жүрген дәрістерді тегін алып жатыр. Сүйіп көретін актерларымен бір алаңда сөйлесіп, шүйірлесіп пікір алмасуда. Құрбыларым да балаларымен келді. Біз де ерекше әсер алып, қызықты ойындар ойнап, ұтыстар алып жатырмыз. Ұйымдастырушыларға алғысымызды білдіреміз», – дейді ата-ана Гүлмира Жанарбек.

Шара спикерлері қатысушыларға ата-анамен қарым-қатынасты қалай құру керектігі, әлеуметтік кәсіпкерлік пен волонтерлік туралы айтып қана қоймай, камера алдында өзін еркін сезінудің қыр-сырын үйретті. Сондай-ақ, блог жүргізе бастағанда нені ескеру керек екені жайлы атап өтті. Ал ЮНФПА сарапшылары жастарға арналған арнайы денсаулық орталықтары туралы ақпарат берді және жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығы туралы маңызды мәселелерді қозғады.

Шара барысында Тәуекел Мүсілім, Серік Шәріп (Шако) және Гүлназ Жоланова сынды танымал жұлдыздар өздерінің жасөспірім шағын еске түсіріп, тұлға болып қалыптасудағы аталмыш кезеңнің маңызы жайлы атап өтті.

Speak Up форумы жасөспірімдер мен олардың денсаулығы, қызығушылықтары, хоббилері және олардың мүмкіндіктері туралы талқылаулар өтетін ашық алаң. Сондай-ақ, Speak Up – шеберлік сабақтары, психологиялық кеңестер, жаңа таныстар және жексенбіні көңілді әрі пайдалы өткізу мүмкіндігі!

КОНЦЕРТ

ЖҰМБАҚ СИҚЫР



Суреттерді түсірген Вера ОСТАНКОВО.

Аты аңызға айналған Enigma Original Voices тобы Алматыда алғаш рет концерт берді. 1990 жылы Enigma Sadness композициясы әлемдік музыка кеңістігін жара жаздады. «Жұмбақ» сөзі топтың атауына енген, ол ежелгі грек тілінен аударылған. Бастапқыда бұл музыканы кім орындайтынын ешкім білмеді, өйткені ол заманауи электронды дыбысты, Григориан әндерін, этникалық Забур жырларын, шіркеу қоңырауын біріктірді.



Ақтолықын
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ

Олар неміс музыканттары мен продюсерлері Мишель Крету және Фрэнк Петерсон болды, ол көп ұзамай жобадан бас тартты. Бірақ таңқаларлық, әйелдер партияларының орындаушысы 80–90-шы жылдардағы мега-танымал әнші Сандра, Мишель Кретудың әйелі болды.

Содан бері топ құрамы бірнеше рет өзгерді. Жоба тек студиялық жоба ретінде сақталған, бірақ 2019 жылдан бастап оның мүшелері Original Enigma Voices атауымен концерттер беріп келеді.

Астанада концерт берген Original Enigma Voices Алматыда өнер көрсетті. Enigma музыкасының қазақстандық әуесқойларының оның орындаушыларымен кездесуін VI жобалық оқиға компаниясы ұйымдастырды. Көрермендер «Алматы Арена» көпфункционалды кешенінің трибуналары мен аренасын лық толтырды. Екі сағатқа созылған шоу да топтың солистері мен музыканттары алматылық ішекті аспаптар оркестрімен бірге көрермендердің ыстық ықыласына

бөленді. Көрермендерді солистер мен бишілердің хореографиясы, олардың костюмдері, әсіресе сүйкімді Фокс Лиманың қанатты жөңдері мен періштеге ұқсайтын шапандары бар көйлектері, сондай-ақ артқы жағындағы таңқалдыратын бейне тізбегі көрермендерді көрнекі және эстетикалық түрде тәнті етті.

Эртистер Return to Innocence, Gravity of Love және басқа да көптеген хиттерді шырқады. Бірақ Enigma-ның визиттік картасы – Саденесс туралы сөз болғанда, «O Fortuna» фильмінен үлкен хор және оркестрлік форτισимо бірінші болып естілді, бұл Карл Орфтың әйгілі әнін ашатын және жабатын нөмір болды.

«The Same Parents» әнін орындау кезінде сахнаға үлкен кенеп шығарылды, бұл «Әлем суреті» World Painting жобасымен бірлесіп жұмыс жасаған аты аңызға айналған топтың мүшелері болды. «The Same Parents» әуезді әні түрлі нәсілдердің, ұлттардың, елдердің адамдары кенепке «Әлем суреттерін» салған бейне тізбегімен сүйемелдеді. The Same Parents сөзі «бір ата-ана» дегенді білдіреді. Бұл әннің философиясы

да, көркем жобасы да адамдарды біріктіру, барлық нәсілдер мен діндердің бейбітшілік пен келісімде өмір сүруінің қажеттілігі туралы айтылған.

Композиция аяқталғаннан кейін кеш жүргізушілері бұл кенепке әлемнің түкпір-түкпірінен 2000-нан астам адам сурет салғанын және бүгін Original Enigma voices жобасының қатысушылары қосылатынын хабарлады. Солистерге қылқаламдар мен бояулар берілді.

Концерт басталар алдында журналистер музыканттармен азкем әңгімелесіп үлгерді, олар аты аңызға айналған топты Алматыда көруге қуанышты екендіктерін айтты. Сол сәтте Эндрю Дональдс нағыз аңыз – жобаны жасаған Мишель Крету және олар осы өнердің тасымалдаушылары деп жауап берді. Бір қызығы, Эндрю Дональдс журналистерге жалаңаяқ, бірақ сары тоқылған қалпақ киіп, сахнада дәл осылай өнер көрсетті.

Сондай-ақ, әртістер Эндрю Дональдс пен Ангел Х біраз уақыт бірге өнер көрсеткенін, бірақ кейін олар Фокс Лимамен танысуды ұйғарғанын және әзірге олар осы құрамда ән шығаратынын айтты.

Фокс Лима Астанада сүйкімді атмосфера орнағанын және концерттен кейін өзін бақытты сезінгенін мойындады. Өйткені, оған көптеген пікірлер, адамдар Enigma музыкасын балалық, жастық шақпен байланыстыратынын және сиқырлы сезімдер әкелетіні туралы жағымды сөздер айтты.

ПАРААСТРОНАВТ



ҒАРЫШҚА ҰШАДЫ

Тұңғыш рет аяғы жоқ адам ғарышқа ұшады. Бұл іс-шараны Еуропаның Ғарыш агенттігі қолға алыпты.

Оның есімі – Джон Макфол. 19 жасында мотоциклден құлап, оң аяғынан айырылған екен. Қазір 41-де. Британиялық жігіт бұған дейін Паралимпиада ойындарына белсенді қатысқан. Мамандығы – хирург-дәрігер. Ғарышқа ұшу үшін 22 мың үміткердің ішінен суырылып шыққан.

Джонды ғарышқа дайындау жұмысы 3 жылға созылуы мүмкін. Параастронавт кеңістікте 1 күн болуға тиіс. Ол 5 ғарышкермен (2-еуі әйел) бірге ұшады.

ХАНШАЙЫМНЫҢ ТӘЖІ



Флорида штатында (АҚШ) тұратын 60 жастағы Аша Мандела әлемдегі шашы ең ұзын әйел ретінде 2009 жылы Гиннестің рекордтар кітабына енген болатын. Ол кезде шашының ұзындығы 15,6 метр еді.

ШАШЫН АРҚАЛАП ЖҮРЕДІ

Енді биыл ол рекорд жаңарттым деп отыр. Шашының ұзындығы қазір 33,5 метрге жетіпті. Ол 40 жылдан бері мүлдем қайшы тигізбеген шашын «ханшайымның тәжі» деп бағалайды.

Мандела ұзын шашын көтеріп жүру оңай еместігін айтады. Сондықтан жерге сүйретіліп, әрі желкесінен төмен тартып тұрмас үшін шашын шүберектен тігілген дорбаға салып алып, арқалап жүреді. Әйел шашын аптасына бір мәрте жуғанда 6 құты

сусабынды бір-ақ құртады. Сосын кебуін екі күн күтеді. 33,5 метрлік шашты күйеуі Эммануэль Чеге жуысуға көмектеседі. Оған бірнеше сағаты кететініне де шамданбайтын секілді. Себебі, күйеуі – кәсіби шаштараз. Қайта әлемге әйгілі әйелінің шашын мақтаныш көретінін жасырмайды. Ал Аша Мандела шашымды өле-өлгенше қимаймын деп бекініп отыр деседі.

Әзірлеген
Нұр ЖАМАЛ.